## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1319 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1319 қаулысымен мақұлданған

Жоба

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастық комиссиясы арасындағы
## Қаржыландыру туралы келісім Арнайы шарттар

Бұдан әрі "Комиссия" деп аталатын Еуропалық қоғамдастық комиссиясы ұсынған, бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Еуропалық қоғамдастық бір тараптан және бұдан әрі "Бенефициар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі екінші тараптан төмендегілер туралы уағдаласты:

## 1-бап - Операцияның мәні мен мақсаты

1.1. Қоғам мынадай бағдарламаларды қаржыландыруға өз салымын ендіреді:

Жыл сайынғы іс-қимыл бағдарламасы 2007 - Қазақстан Республикасы, мынадай жобаларды іске асыруды көздейді:

Қазақстан Республикасының Сот жүйесін нығайтуға жәрдем беру (2007/19-224)

Кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны қолдау (2007/19-259)

Денсаулық сақтауды реформалау және дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны (2005-2010) орындау үшін Денсаулық сақтау министрлігінің әлеуетін дамытуды қолдау (2007/19-244)

Қазақстандағы экономикалық даму: экономиканың әртараптандырылуын және бәсекеге қабілеттілігін күшейту (2007/19-246)

Бұдан әрі Техникалық және әкімшілік ережелерде (2-қосымша) көрсетілген бағдарлама ретінде ескеріледі

1.2. Бұл бағдарлама қаржыландыру туралы келісімге және оның қосымшаларына сәйкес, атап айтқанда: Жалпы шарттар (1-қосымша) мен Техникалық және әкімшілік ережелер (2-қосымша) сәйкес іске асырылады.

## 2-бап - Қоғамдастықтың қаржылық үлесі

2.1. Бағдарламаның жалпы құны 19 191 000 еуроға бағаланады.

2.2. Қоғамдастық ең көп дегенде 19 000 000 еуро бөлуді міндеттенеді. Бюджеттік жобада көрсетілген бюджеттік баптар бойынша Қоғамдастықтың қаржылық үлесін бөлу 2-қосымшаның Техникалық және әкімшілік ережелерінде берілген бюджеттік жобаларда көрсетілген.

## 3-бап - Бенефициардың үлесі

3.1. Бенефициардың бағдарламаға қаржылық үлесі нөл еуроны құрайды. Бағдарламаларды іске асыру жөніндегі әріптестіктер (халықаралық ұйымдар және НПО ) 191 000 еуро береді.

3.2. Бенефициар қаржылай емес үлес қосатын жағдайда детальдік уағдаластықтар Техникалық және әкімшілік ережелерде (2-қосымша) анықталады.

## 4-бап — Орындау кезеңі

Жалпы шарттардың 4-бабына сәйкес қаржыландыру туралы келісімді орындау кезеңі қаржыландыру туралы келісім күшіне енген сәттен басталады және осы күннен бастап 72 ай өткен соң аяқталады.

## 5-бап - Мекен-жайлар

Қаржыландыру туралы келісімді іске асыруға қатысты барлық хабарлар, Бағдарламаға нақты сілтеме көрсетіле отырып, жазбаша түрде орындалуы және мынадай мекен-жайлар бойынша жіберілуі тиіс:

a) Комиссия үшін

Қазақстан Республикасындағы, Қырғыз Республикасындағы және Тәжікстан Республикасындағы Еуропалық Комиссияның өкілдігі
Космонавтар көшесі, 62, Ренко ғимараты
010000 Астана
Қазақстан
b) Бенефициар үшін
Бақыт Сұлтанов мырзаға
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министріне
Сол жағалау, 35 көше, "Министрліктер үйі" 2 ғимарат
010000, Астана
Қазақстан
Тел. + 7(7172)74 28 09
Факс: + 7 (7172) 74 38 24

## 6-бап - Қосымшалар

6.1. Мына құжаттар аталған келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады: I қосымша: Жалпы шарттар; II қосымша: Техникалық және әкімшілік ережелер.

6.2. Қосымшалардың ережелері мен Қаржыландыру туралы келісімнің Арнайы шарттарының ережелері арасында қайшылықтар болған жағдайда Арнайы шарттардың ережелері басымдыққа ие болады. I қосымшаның ережелері мен II қосымшаның ережелері арасында қайшылық болған жағдайда I қосымшаның ережелері басымдыққа ие болады.

## 7-бап - Қаржыландыру туралы келісімнің күшіне енуі

Осы Қаржыландыру туралы келісім келісімнің екі тарабы соңғысының қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Қаржыландыру туралы келісім ағылшын тілінде 3 түпнұсқа данада орындалды, екі данасы Комиссияға және бір данасы Бенефициарға беріледі.

Комиссия үшін Бенефициар үшін

Дирк Меганк мырза Бақыт Сұлтанов мырза
Азия және Орта Азия бойынша Қазақстан Республикасы
директорат директоры Экономика және
Europe Aid ынтымақтастық бюджеттік жоспарлау
жөніндегі Еуропалық Бюро министрі

[Қолы. Мөр] [Қолы. Мөр]

Күні: Күні:

## I қосымша - Жалпы шарттар

## I тақырып. Жобаны/бағдарламаны қаржыландыру

### 1-бап - Жалпы қағидат

1.1. Қоғамдастықтың қаржылық үлесі Қаржыландыру туралы келісімде көрсетілген сомамен шектеледі.

1.2. Қоғамдастықтың қаржыландыруды беруі Бенефициардың осы Қаржыландыру туралы келісім бойынша міндеттемелерді орындауына байланысты болады.

### 2-бап - Қаражат шығыстары және оларды жабу

2.1. Қаржыландыру туралы келісімнің бюджеттік баптары бойынша жекелеген артық шығын аталған Жалпы шарттардың 17-бабына сәйкес жалпы бюджет шеңберінде қорларды қайта бөлу арқылы жабылуы тиіс.

2.2. Қаржыландыру туралы келісімде белгіленген жалпы соманың артық шығын тәуекелі туындаған кезде Комиссия жобаның/бағдарламаның ауқымын қысқартуы не Бенефициардың меншік ресурстарын немесе Қоғамдастыққа тиесілі емес басқа да ресурстарды пайдалануы мүмкін.

2.3. Жобаны/бағдарламаны қысқарту мүмкін болмаған кезде немесе егер қаражаттың артық шығынын Бенефициардың ресурстарымен немесе басқа да ресурстармен жабу мүмкін болмаса, Комиссия айрықша жағдайда Қоғамдастықты қосымша қаржыландыруды ұсынуы мүмкін. Бұл туралы уағдаластыққа қол жеткізілетін болса, қосымша шығыстар Комиссия белгілеген қосымша қаржы үлесін беру арқылы Қоғамдастықтың тиісті ережелері мен рәсімдеріне залал келтірмей қаржыландырылуы мүмкін.

## II тақырып - Іске асыру 3-бап - Жалпы қағидат

3.1. Жобаны/бағдарламаны Бенефициар үшін және оның атынан әрекет ететін Еуропалық Комиссия іске асырады.

3.2. Өз Үкіметінің басшысы Бенефициардың мемлекетінде Комиссияны білдіреді.

### 4-бап - Орындалу мерзімі

4.1. Аталған орындалу мерзімі екі кезеңнен тұрады:

барлық негізгі іс-шаралар жүргізілетін шеңберде операциялық іске асыру кезеңі. Аталған кезең Қаржыландыру туралы келісім күшіне енген күнінен басталады және

орындалу мерзімінің соңына дейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады;

түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізілетін, сондай-ақ техникалық және қаржылық жағынан Қаржыландыру туралы келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттар жабылатын қорытынды кезеңі. Аталған кезең практикалық іске асыру кезеңі аяқталған күнінен басталады және осы күннен кейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады.

4.2. Негізгі қызметпен байланысты шығыстарды операциялық іске асыру кезінде туындаған жағдайда ғана оларды Комиссия қаржыландыруы тиіс. Түпкілікті аудитпен, бағалаумен және қызметті аяқтаумен байланысты шығыстар қорытынды кезеңнің аяғына дейін қаржыландырылуы тиіс.

4.3. Қоғамдастық үлесінің кез келген қаражат қалдығы теңгерім орындалу кезең аяқталғаннан кейін алты айдан соң автоматты түрде күшін жояды.

4.4. Ерекше және тиісінше негізделген жағдайларда операциялық іске асыру кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту ұсынылуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда ұсыныс операциялық іске асыру кезеңі аяқталғанға дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы күнге дейін оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

4.5. Ерекше және тиісінше негізделген жағдайларда операциялық іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды кезеңді және тиісінше орындалу кезеңін ұзарту туралы ұсыныс жасалуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда ұсыныс қорытынды кезең аяқталғанға дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы күнге дейін оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

## ІІІ тақырып - Келісім-шарттар мен гранттар беру

### 5-бап - Жалпы қағидат

Қаржыландыру туралы келісімді іске асыру жөніндегі барлық келісім-шарттар сыртқы іс-шараларды іске асыру үшін тиісті рәсімдердің басынан күшінде болатын Комиссия айқындаған және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес берілуі және іске асырылуы тиіс.

### 6-бап - Қаржыландыру туралы келісімді іске асыру жөніндегі келісім-шарттарға соңғы қол қою мерзімі

6.1. Қаржыландыру туралы келісімді іске асыру жөніндегі келісім-шарттарға осы Қаржыландыру туралы келісім күшіне енген сәттен бастап үш жыл ішінде, яғни Қаржыландыру туралы келісімге соңғы соңғы тарап қол қойған күннен кейін үш жыл ішінде екі тарап қол қоюы тиіс. Аталған соңғы мерзім ұзартылмайды.

6.2. Жоғарыда аталған ереже кейіннен қол қойылуы мүмкін аудит және бағалау

жүргізу жөніндегі келісім-шарттарға, сондай-ақ қол қойылған келісім-шарттарға енгізілген түзетулер мен толықтыруларға қолданылмайды.

6.3. Қаржыландыру туралы келісім күшіне енген сәттен бастап үш жыл өткен соң қаражаттың кез келген қалдығына қол қойылмаған келісім-шарт күшін жояды.

6.4. Жоғарыда аталған ереже көлденең шығыстар арналған резервтен қаражат қалдығына қолданылмайды.

6.5. Қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде төлем жүргізілмеген келісім-шарт автоматты түрде тоқтатылады, ал оны қаржыландыру тоқтатылады.

## 7-бап - Қолайлылығы

7.1. Жұмыстарға, қызметтер беруге немесе көрсетуге арналған тендерлерге қатысу Қоғамдастыққа қатысушы мемлекеттердің барлық жеке және заңды тұлғалары үшін және бенефициар үшінші елдердің немесе басқа кез келген үшінші елдің барлық жеке және заңды тұлғалары үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің арнаулы ережелеріне сәйкес тең жағдайларда ашық болуы тиіс.

7.2. Ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілерде белгіленген арнаулы шарттар негізінде үшінші елдердің 1-параграфта айтылғаннан басқа азаматтарына келісім-шарттарға арналған тендерлерге қатысу рұқсат ететін шешім қабылдануы мүмкін.

7.3. Қоғамдастықтар қаржыландыратын және жұмыстар, жеткізулер мен қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарттарды және қаржыландырылатын қызмет саласын іске асыру үшін грант бенефециарлары бастаған сатып алу рәсімдерін орындау үшін қажетті тауарлар мен жабдықтар негізгі актіде басқаша баяндалғанды қоспағанда, өткен екі параграфтарда белгіленген шарттарда қатысуға құқығы бар елдерден шығарылуы тиіс.

# IV тақырып - Келісім-шарттарды орындауға қолданылатын ережелер

## 8-бап - Құру құқығы және тұру құқығы

8.1. Келісім-шарт сипатының негіздемесі кезінде жұмыстарға, жеткізулерге немесе қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарттарды жөніндегі тендерлерге шақыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар Бенефициардың елінде құру және тұрудың уақытша құқығына ие болады. Аталған құқық келісім-шартты бергеннен кейін бір ай бойы жарамды болып қалады.

8.2. Қызметтері келісім-шартты орындау үшін қажетті мердігерлер (грант бенефициарларын қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жобаны/бағдарламаны іске асыру кезінде осындай құқықтары болады.

## 9-бап - Салықтық және кедендік ережелер

9.1. Егер Арнайы шарттарда көзделмесе салықтар, алымдар немесе басқа да төлемдер (қосылған құн салығынан - ҚҚС - немесе барабар төлемдер) Қоғамдастықтың қаржыландыруынан алып тасталуы тиіс.

9.2. Бенефициар мемлекет Қоғамдастық қаржыландыратын сатып алу келісім-шарттарына немесе гранттарға қатысты қарым қатынастары бар Мемлекеттерге немесе халықаралық ұйымдарға қолданатын неғұрлым қолайлы салық және кедендік режимдерді қолданады.

9.3. Тиісті Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша барынша егжей-тегжейлі ережелерді қолдану қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

## 10-бап - Шетел валютасы туралы келісім

10.1. Бенефициар мемлекет жобаны іске асыру үшін қажетті шетелдік валютаны импорттауға немесе сатып алуға рұқсат беруді міндеттенеді. Ол, сондай-ақ қатысу құқығы бар және Жалпы шарттардың 7-бабында аталған мердігерлерге шетелдік валюта туралы өздерінің ұлттық ережелерін кемсітусіз қолдануға міндеттенеді.

10.2. Тиісті Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша барынша егжей-тегжейлі ережелерді қолдану қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

## 11-бап - Зерттеулер деректерін пайдалану

Егер Қаржыландыру туралы келісім зерттеулер жүргізуді қамтыса, Қаржыландыру туралы келісімді іске асыру үшін қол қойылған осы зерттеулерді жүргізу жататын келісім-шарт зерттеуге арналған меншік құқығын және Бенефициар мен Комиссияның зерттеулер деректерін пайдалану, оларды жариялау немесе үшінші тарапқа ашу құқығын реттейтін болады.

## 12-бап — Келісім-шарттар бойынша қайтарылған соманы бөлу

12.1. Дұрыс жүргізілмеген төлемдер, алдын ала қаржыландыруға арналған кепілдіктер немесе осы Қаржыландыру туралы келісім бойынша қаржыландырылатын келісім-шарттар негізінде ұсынылған орындау кепілдіктерінен қайтарылған сома жобаға/бағдарламаға беріледі.

12.2. Жалдаушы орган тендерге үміткерге немесе оған қатысушыға салатын қаржылық айыппұлдар, егер оны сатып алу келісім-шарт контексі негізінде алып тастаған жағдайда, тендерлік кепілдіктер бойынша алынған қаражат, сондай-ақ Комиссияға тиесілі келтірілген залал үшін өтемақы Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне төленеді.

## V тақырып - Негізгі және қорытынды ережелер

### 13-бап - Қызметті жария ету

13.1. Қоғамдастық қаржыландыратын әрбір жоба/бағдарлама тиісті хабарлар мен ақпараттық операциялардың мәні болады. Осы операциялар Комиссияның келісімі болған кезде айқындалуы қажет.

13.2. Аталған хабарлар мен ақпараттық операциялар бұл операцияларды жүзеге асыру кезінде күшінде болған сыртқы операцияларды жария ету жөніндегі Комиссия белгілеген және жариялаған ережеге сәйкес келуі тиіс.

### 14-бап - Бұзушылықтарды, алаяқтықты және сыбайлас жемқорлықты болдырмау

14.1. Бенефициар бұзушылықтарды және алаяқтықты болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдайды және Комиссияның ұсынысы бойынша қате жұмсалған қаражатты қайтару үшін шағым береді. Бенефициар қабылданған барлық шаралар туралы Комиссияға хабарлауы тиіс.

14.2. "Бұзушылық" дегеніміз Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне немесе олар басқаратын бюджеттерге Еуропалық Қоғамдастықтардың атынан жинақталған меншік ресурстары немесе ақталмаған шығыстар бабынан алынған табысты азайту немесе олардың түсімдерінің шығасылары түрінде зиян келтіріп отырған немесе келтіретін шаруашылық субъектісінің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен қаржылық келісімдер, келісім-шарттар немесе Қоғамдастықтың заңдары ережелерінен кез келген ауытқуды білдіреді.

"Алаяқтық" дегеніміз:

- Еуропалық Қоғамдастықтың жалпы бюджетінің немесе олар немесе оның атынан басқаратын бюджет қаражатын заңсыз немесе мақсатсыз ұстап қалуға әкелуі мүмкін жалған, дұрыс емес немесе толық емес құжаттаманы немесе мәліметтерді пайдалануға немесе ұсынуға;

- ерекшелік міндеттемелерге, осындай салдарымен зиян келтіретін ақпаратты жасыруға;

- осындай қаражатты олардың бастапқы мақсатынан басқа мақсатта заңсыз пайдалануға қатысты кез келген әдейі әрекетті немесе әрекетсіздікті білдіреді.

Бенефициар бұзушылық немесе алаяқтық дейтіндей күдік тудыратын кез келген жағдайлар туралы Комиссияны дереу хабардар етуге тиіс.

14.3. Бенефициар келісім-шарттарды немесе гранттарды беру немесе оларды іске асырудағы рәсімнің кез келген сатысында белсенді немесе пассивті сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға

міндеттенеді. "Пассивті сыбайлас жемқорлық" дегеніміз ресми тұлғаның тікелей немесе делдал арқылы жеке өзі үшін немесе үшінші тарап үшін кез келген түрде сыйақы сұраған немесе алған немесе ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасаған кезде немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтың қаржылық мүдделерін кемсітуге әсері бар немесе әсер ететін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдаланған кезде осындай сыйақы берілетініне уәде алған әдейі әрекетін білдіреді.

"Белсенді сыбайлас жемқорлық" дегеніміз кімде-кімнің ресми тұлғаға жеке ол үшін немесе үшінші тарап үшін, ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасау үшін немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітетін немесе кемсітуі мүмкін ресми міндеттерін бұзуда өз қызмет бабын пайдалану үшін тікелей немесе делдал арқылы сыйақының кез келген түрін беруге уәделенуде немесе ұсынудағы әдейі әрекетін білдіреді.

## 15-бап - Комиссия, алаяқтыққа қарсы күрес жөніндегі Еуропалық бөлім (OLAF) және Еуропалық аудиторлар соты тарапынан жүргізілетін бақылау және тексеру

15.1. Бенефициар Комиссия, OLAF және Еуропалық Аудиторлар Соты Қаржыландыру туралы келісім бойынша (келісім-шарттар мен гранттарды беру жөніндегі рәсімді қоса алғанда) бөлінген Қоғамдастықтың қаражатын пайдалану жөнінде жергілікті жерлерде құжаттамалық тексерістер, сондай-ақ қажет болған жағдайда шоттарға қосымша құжаттар мен бухгалтерлік құжаттар немесе жобаны/бағдарламаны қаржыландыруға қатысты басқа да кез келген құжаттар негізінде Қаржыландыру туралы келісімнің бар мерзімі және соңғы төлемнің күнінен кейін жеті жыл ішінде толық аудит жүргізу мүмкіндігімен келіседі.

15.2. Бенефициар, сондай-ақ OLAF-тың жергілікті жерлерде Қоғамдастықтың заңнамасында жазылған рәсімдерге сәйкес алаяқтық пен бұзушылықтарға қатысты Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүддесін қорғау үшін тексерістер мен бақылау жүргізуі мүмкін екендігімен келіседі.

15.3. Осы мақсатта Бенефициар Комиссияның, OLAF-тың және Еуропалық Аудиторлар Сотының ресми өкілдеріне және олардың уәкілетті агенттеріне компьютерлік жүйелерді, сондай-ақ осы іс-шараларды техникалық және қаржылық басқаруға қатысты кез келген құжаттамалық және компьютерлендірілген деректерді қоса алғанда, Қаржыландыру туралы келісім бойынша қаржыландырылған іс-шаралар өткізілген орындар мен үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және осы жұмыстарды жеделдету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндеттенеді. Еуропалық Комиссияның, OLAF пен Еуропалық Аудиторлар Сотының уәкілетті агенттері үшін қол жеткізу үшінші тарапқа қатысты қатаң құпиялылықты сақтай отырып, мемлекеттік құқықтық міндеттемелерге зиян тигізбей берілу тиіс. Құжаттар

қол жетімді және оларды қолайлы инспекциялауды қамтамасыз ететін тәртіпте тігілуі қажет және Бенефициар Комиссияға, OLAF пен Европалық Аудиторлар Сотына олардың нақты орналасқан жері туралы хабарлауы тиіс.

15.4. Жоғарыда сипатталған тексерістер мен аудит Қоғамдастықтың қаржыландыруын алатын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты да қолданылуы тиіс.

15.5. Бенефициарды жергілікті жерлерде тексерістер жүргізу үшін тағайындалған Комиссия, OLAF пен Европалық Аудиторлар Соты агенттерінің келетіні туралы хабардар ететін болады.

## 16-бап - Комиссия мен бенефициар арасындағы консультациялар

16.1. Бенефициар мен Комиссия Қаржыландыру туралы келісімді іске асыру немесе оны түсіндіруге қатысты кез келген дау басталғанға дейін бір-біріне консультация береді.

16.2. Бұл консультациялар Қаржыландыру туралы келісімнің өзгеруіне, тоқтата тұруға немесе тоқтатылуына алып келу мүмкін.

## 17-бап - Қаржыландыру туралы келісімді өзгерту

17.1. Арнайы шарттарға және Қаржыландыру туралы келісімге II қосымшаға енгізілетін кез келген өзгерістер жазбаша түрде жасалуы және қосымша түрінде ресімделуі тиіс.

17.2. Егер өзгерту туралы ұсынысты Бенефициар жасаса, онда ол Комиссияға Бенефициар тиісінше негіздеген және Комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, осы өзгерістердің болжам бойынша күшіне енуіне дейін кем дегенде үш ай бұрын беруі тиіс.

17.3. Операциялық іске асыру кезеңі мен қорытынды кезеңді ұзартудың ерекше жағдайлары аталған Жалпы шарттардың 4(4) және (5)-баптарымен реттеледі.

## 18-бап - Қаржыландыру туралы келісімді тоқтата тұру

18.1. Қаржыландыру туралы келісім мынадай жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін :

- егер Бенефициар Қаржыландыру туралы келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Комиссия Қаржыландыру туралы келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

- егер Бенефициар адам құқығына, демократиялық қағидаттарға қатысты міндеттемелер мен заң нормаларын бұзған жағдайда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жол берілген жағдайларда, Комиссия Қаржыландыру туралы келісімнің қолданысын

тоқтата тұруы мүмкін.

- Қаржыландыру туралы келісім төменде көзделген форс мажор жағдайында тоқтатыла тұруы мүмкін. "Форс мажор" дегеніміз тараптардың біреуіне өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын, және ол тараптардың (немесе мердігерлердің, агенттер мен жұмыскерлердің) қателігіне немесе ұқыпсыздықпен қарағанына байланысты емес кез келген күтпеген және айрықша ахуалды немесе оқиғаны білдіреді, және де ол барлық салған күштерге қарамастан, еңсерілмейтін болып табылады. Жабдықтар мен материалдардағы ақаулары немесе оларды орнатуды кешіктіру, еңбек ұжымындағы даулар, ереуілдер немесе қаржылық қиындықтар форс мажор ретінде пайдаланылмайды. Тарапқа міндеттемелерін орындауға форс мажорлық жағдай кедергі болған кезде, оларды бұзғаны жөнінде талаптар қойылмайды. Форс мажорға ұшыраған тарап ол туралы ықтимал ұзақтығы мен болжамды тигізетін әсерін сипаттай отырып, екінші тарапқа дереу хабарлау, сондай-ақ ықтимал залалды азайту үшін барлық шараларды қабылдауы қажет.

18.2. Тоқтата тұру шешімі туралы алдын ала ешқандай хабарлама берілмейді.

18.3. Тоқтата тұру туралы хабарлама берілген жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

## 19-бап — Қаржыландыру туралы келісімді бұзу

19.1. Егер Қаржыландыру туралы келісімді тоқтата тұруға әкелген мәселелер ең жоғары кезең, төрт ай ішінде шешілмесе, Қаржыландыру туралы келісімді тоқтату туралы екінші тарапқа екі ай бұрын хабарлап, кез-келген тарап оны тоқтатуы мүмкін.

19.2. Егер Қаржыландыру туралы келісімге қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде бір де бір төлем жүргізілмесе немесе осы кезең ішінде оны іске асыру жөнінде келісім-шарттарға қол қойылмаса, Қаржыландыру туралы келісімнің қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

19.3. Тоқтату туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

## 20-бап - Дауларды шешу

20.1. Осы Жалпы шарттардың 16-бабында көрсетілген тараптар арасындағы консультациялар олар арқылы алты ай ішінде шешілуі мүмкін емес Қаржыландыру туралы келісімге қатысты кез-келген дау бір тараптың ұсынысы бойынша төрелікте қаралуы мүмкін.

20.2. Бұл жағдайда, әрбір тарап төрелік туралы ұсыныстан кейін 30 күннің ішінде төрешіні тағайындайды. Мұны жасау мүмкін болмағанда, тараптардың біреуі екінші төрешіні тағайындау жөніндегі өтінішімен Гаагадағы Халықаралық соттың Бас

хатшысына өтініш жасай алады. Өз кезегінде, екі төреші 30 күннің ішінде үшінші төрешіні тағайындайды. Мұны жасау мүмкін болмағанда, кез-келген тараптың біреуі Гаагадағы Халықаралық соттың Бас хатшысына үшінші төрешіні тағайындау жөнінде өтініш жасай алады.

20.3. Егер төрешілер басқа шешім қабылдамаса, онда Гаадағы Халықаралық соттың халықаралық ұйымдарды және мемлекеттерді қамтитын Төрелік қараудың диспозитивтік ережелерінде белгіленген рәсімдер пайдаланылады. Төрешілердің шешімдері үш айдың ішінде басым дауыспен қабылданады.

20.4. Тараптардың әрқайсысы төрешілердің шешімдерін орындау үшін қажетті шаралар қабылдауы тиіс.

2-қосымша

## Орталықтандырылған жобаларға арналған техникалық және әкімшілік ережелер

А. Құрамдауыш: Қазақстан Республикасының сот жүйесін нығайтуға жәрдемдесу - 2007/019-224

Б. Құрамдауыш: Кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны қолдау - 2007/019-259

В. Құрамдауыш: Денсаулық сақтау ісін реформалау және дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындау үшін Денсаулық сақтау министрлігінің әлеуетін дамытуды қолдау (2005-2010) - 2007/019-244

Г. Құрамдауыш: Қазақстандағы экономикалық даму: Қазақстанда экономиканы әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілікті нығайту - 2007/019-246

Бенефициар: Қазақстан

Атауы: Жыл сайынғы іс-қимылдар бағдарламасы 2007 - Қазақстан Республикасы

## II қосымша - А құрамдауышы - DCI-ASIE/2007/019-224 Техникалық және әкімшілік ережелер

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бенефициар ел/аймақ | Қазақстан Республикасы / Орталық Азия | | |
| Сұрай салушы орган | Әділет министрлігі, Жоғарғы Сот | | |
| Бюджет бабы | 19.100200 | | |
| Атауы | Қазақстан Республикасының сот жүйесін нығайтуға жәрдемдесу (2007/ 019-224) | | |
| Жалпы құны | 3 500 000 еуро<br>Еуропалық Комиссияның үлесі: 3 500 000 еуро | | |
| Қолдау көрсету / басқарма әдісі | Жобалық ұстаным/ Орталықтандырылған басқару | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| DAC коды | 15130 | Сектор | Құқық және сот жүйесін дамыту |

Мазмұны

1. Негіздеме
1.1. Экономикалық және әлеуметтік жағдай
1.2. Саланың жай-күйі
1.3. Алынған тәжірибе және толықтыратын қызмет
1.4. Донорларды үйлестіру
2. Жобаның сипаттамасы
2.1. Міндеттер
2.2. Күтілетін нәтижелер
2.3. Қызмет түрлері және орындалу мерзімі
3. Орналасқан жері және ұзақтығы
3.1. Орналасқан жері
3.2. Ұзақтығы
4. Жобаны іске асыру
4.1. Ұйымдастыруды дайындау
4.2. Есептілік
4.3. Жобаның/бағдарламаның бюджеті
4.4. Жобаның бюджетін пайдалану
5. Мониторинг және бағалау
5.1. Мониторинг
5.2. Бағалау
6. Ақпарат және БАҚ-та жариялау
7. Қосымша

1. Негіздеме

1.1. Экономикалық және әлеуметтік жағдай

Экономикалық жағдай

Қазақстан табыс деңгейі ортадан төмен (жан басына шаққандағы ЖІӨ есебі шамамен 9.100 АҚШ доллары), табиғи байлықтары мен егістік жері едәуір көп ел болып табылады. Қазақстан экономикасы - бұл негізінен шетелдік сауда-саттыққа тәуелді шағын ашық экономика. Экономикалық өсуінің ұзақтығы (2006 жылы 10% жоғары) қолайлы әлемдік нарық жағдайларында көмірсутегі мен пайдалы қазбалар экспортына негізделген.

Тауарлар экспорты 2006 жылы 38,2 млрд. АҚШ долл., ал импорт - 23,7 млрд. АҚШ долл. құрады. Экспорт пен импорт көлемі 2005 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 35%-дан жоғары көтерілді. Қазақстан экспортының барынша көп үлесі ЕО-ға тиесілі ( 40%). Импорт құрылымының экспорт құрылымынан едәуір айырмашылығы бар:

жабдықтар, техника мен көлік Ресей (38%) мен Қытайдан (8%) келеді, тауарлар сатумен салыстырғанда сыртқы сауданың көлемі көп емес және ол 2006 жылғы 5,2 АҚШ долл. тапшылығымен бірге теріс үрдісті сақтап отыр. Іскерлік және кәсіптік-техникалық қызметтер Қазақстандағы импорттық қызметтердің жалпы көлемінің 42% құрайды.

Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен сауда жалпы көлемнің тек біраз пайызын ғана құрайды. Өңірдегі елдер арасындағы сауданың дамуына тарифтердің жоғары болуы, ауыртпалықты көлік шығыстары, жеткілікті дамымаған инфрақұрылым мен халықаралық бөгеттер кедергі жасауда. Кең дамыған жергілікті нарықтың болмауы инвесторлар үшін тежеуші фактор болып табылады, бұл өңірдегі тұрақты экономикалық өсу мүмкіндіктерінің барынша жоғалтуды білдіреді.

Қазақстан өңірдегі капитал ағынының 80% тартады. Негізгі шетелдік инвестор ЕО болып табылады. 2005 жылы 1,7 млрд. АҚШ долл. дейін төмендегеннен кейін тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 2006 жылы 6 млрд. АҚШ долл. аса өсті. Тікелей шетелдік капитал салу өндіруші секторға әлі де шоғырландырылған. Экономиканың басқа секторларына капитал ағынын ұлғайтуда және әртараптандыруда инвестициялық ахуалды, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту және сот жүйесіне деген сенімді арттыру үшін маңызды қадам жасау қажет.

Әлеуметтік жағдай

90-шы жылдардың басында бұзылған денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйесін мемлекеттік қаржыландыру сауда балансының белсенді сальдосының нәтижесінде біртіндеп ұлғаюда. Алайда, Қазақстанның алдында соңғы он бес жылдың ішінде бұзылған әлеуметтік инфрақұрылым мен адами капиталды қалпына келтіру жөнінде маңызды міндеттер тұр.

Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі уақыттағы осындай проблемаларының бірі жеткіліксіз материалдық-техникалық база және ескірген медициналық жабдықтар (БҰҰДБ-ның 2006 жылғы адам дамуы туралы баяндамасы), сондай-ақ білікті медицина құрамының жеткіліксіздігі болып табылады. Елде әлі де Кеңестер Одағы кезінен қалған ескірген нормалар мен ережелер, сондай-ақ әлсіз басқару жүйесі және тиімсіз қаржы құрылымдары қолданылуда.

Қазақстанда жан басына шаққандағы табыс тұрақты түрде артып келе жатқанда өңірлік теңгерімсіздіктер мен айырмашылықтар барынша сақталуда. Бұдан басқа, кедейшілік деңгейінен төмен тұратын адамдар деңгейі жергілікті жағдайда жоғары болып қалуда. Әлеуметтік мұқтаждықтарға арналған шығыстар деңгейінің төмендігі елдің өңірлеріндегі даму қарқынының сәйкессіздігімен, сондай-ақ Республиканың кейбір бөліктерінде денсаулық сақтау салаларындағы орталық және өңірлік мемлекеттік шығыстардың ағымдағы құрылымына негізделеді.

1.2. Саланың жай-күйі

1991 жылы желтоқсанда тәуелсіздік алған соң Қазақстанға заманға сай бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін өз сот жүйесін ең төменнен құруға тура келді. Қазақстан Үкіметі экономиканы және әкімшілік жүйені реформалауды салыстырмалы түрде баяу жасауы себепті реформалау саласындағы көптеген маңызды міндеттер осы күнге дейін іске асырылған жоқ.

Қазіргі уақытта Қазақстан Үкіметі 2005 жылы ақпандағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында көрсетілгендей сот жүйесін реформалаудың процестерін жеделдетудің қажеттігін нақты ұғынып отыр. Президент экономика мен сот билігінің дамуы арасындағы қазіргі байланысын баса атап өтті. Өз сөзінде ол "судьялардың біліктілігін арттыру" қажеттігі Қазақстанның сот жүйесіне 21 ғасырдың сауда, экономикалық, инвестициялық проблемаларына бара-бар болатынын атап өтті".

Сот жүйесінде соттың үш деңгейі бар олар: жергілікті деңгейдегі сот, облыстық сот және Жоғарғы сот. Жергілікті деңгейдегі соттар ұсақ ұрылық пен бұзақылық сияқты ауыртпашылығы төмен құқық бұзушылықтарды қарайды. Облыстық соттар кісі өлімі, ірі ұрлықтар, ұйымдасқан қылмыстар сияқты ауыр қылмыстарды қарайды. Облыстық соттар өзінің жергілікті соттары ауылдық аудандарда жасалған қылмыстарды да қарайды. Жергілікті деңгейдегі соттар шығарған шешімдерді облыс деңгейіндегі соттар қайта қарауы мүмкін, облыстық соттардың шешімдерімен Жоғарғы сотқа шағым беруге болады. Бұдан басқа, соттар үш түрге бөлінеді: әкімшілік, экономикалық және жалпы. Жақында Қазақстан Үкіметі Қаржы орталықтарының жанынан инвестиция мәселелері жөніндегі дауларға жауап беретін Арнайы соттар құрған болатын. Жоғарғы сот "арнайы соттардың" осы түрлерін қаржыландыруды жалғастыруды жоспарлап отыр .

Қазақстанда прокурорлар сот ісін жүргізуде сотқа дейінгі кезеңде, сондай-ақ сотта қарау барысында және оның аяқталу барысында ерекше үлкен құзыретке ие. Дегенмен ағымдағы сот реформасы бұл институттың құзыретін қысқартуға ұмтылуда (қамауға алуға соттың ордері мен алқабилер сотын енгізу), прокурорлар сонда да батыс елдеріндегі әріптестерінде жоқ артықшылықтарын сақтап қалады. Сот процесін дамыту прокурордың заңға сәйкес өзіне берілген өкілеттіктерімен айқындалады. Судьялар әдетте, сот мәжілісі барысында прокурорлар енгізетін ұсыныстарды қолдайды. Солай болса да, жүйені реформалаудың соңғы қадамдары прокурорлардың өкілеттіктерін шектеуге бағытталған (жоғарыдағыны қара).

Тәуелсіздік алған сәттен бері адвокатура институты тисінше дамыған жоқ. Адвокаттардың кәсіби дағдылары, әдетте, әлсіз, ал оқу сұраныстары - үлкен. Қазіргі уақытта елде 3000 аса адвокат бар. Кәсіби адвокаттар қауымдастықтары Астанадағы Адвокаттар одағы және оған бекітілген Алматыдағы адвокаттарға арналған оқу орталығы сияқты шағын ұйымдар ретінде жұмыс істейді,. Бұл ұйымдарды қаржыландыру негізінде адвокаттардың мүшелік жарналары және донорлық қолдау

есебінен жүзеге асырылады. Адвокаттар одағы адвокаттардың мүддесін саяси деңгейде лоббилеумен айналысады, ал Оқу орталығының негізгі функциясы - адвокаттарға біліктілік деңгейін көтеруге мүмкіндік жасау.

Заңнамада адвокаттық қызмет жөнінде әлі де беті ашық мәселелер көп қалып отыр. Мысалыға, заңнамалық тәртіппен адвокатура институты қалай ұйымдастырылуы ( мысалы, Палата құру жолымен) тиіс, сондай-ақ сот істерімен жұмыс жасауы үшін адвокаттарға қойылатын талаптар нақты айқындалмайды. Қазіргі уақытта университеттік дәрежесі бар әрбір адвокат сотта клиенттің мүддесін білдіре алады. Қазақстандық адвокатурадағы мұндай сапаны жеткіліксіз бақылау сот істерін қараған кезде кәсіптік дайындығы біршама жоғары судьялар мен прокурорлардан төмен болады , ол адвокаттардың арнайы дайындығының төмен деңгейіне алып келді.

Әділет министрлігі заңнама рәсімін және де сот жүйесін міндетті құқықтық сараптамадан өткізуі себепті жаңа заңнаманы әзірлеуде шешуші рөл атқарады. Жергілікті деңгейдегі судьяларды тізім негізінде Әділет министрлігінің ұсынуымен Президент сайлайды. Бұл тізім біліктілік әділет алқасынан - Парламенттің (Мәжілістің) төменгі палатасы депутаттарынан, судьялардан, мемлекеттік прокурорлардан, құқықтық сарапшылардан және Әділет министрлігі қызметкерлерінен тұратын институттардан алынған ұсынымдарын есепке алады.

Еурокомиссияның жобаларды өткізудегі бұрынғы тәжірибесіне қарағанда, Министрліктің қызметкерлері заң жобаларын әзірлеу бойынша жақсы кәсіби дайындықтары бар екені, бірақ жиі жағдайларда қажетінше өз дағдыларын пайдалана алмайды. Бұдан бөлек, саясатты тұжырымдау процесін нақты ұғыну жеткілікті дамымаған. Осылайша, адвокатура институтын реформалау мәселелері бойынша жоспарланған оқу және сараптамалық білім беру - Әділет министрлігі осы саладағы жәрдемдесуде арнайы сұрау жасады - осы мәселелерді шешуге жолданатын болады.

Ел билігі коррупция мен қажетті ашықтықтың осы саланың проблемалары болып қалып отырғанын таниды. Соңғы жылдары Қазақстанның рейтингі Transparency International ұйымының сыбайлас жемқорлық индексінде соңғы жылдары аз ғана жақсарды. 2006 жылы еліміз (163-тің) 111 орында болған. Солай болса да біршама жетістіктер сот жүйесінің тәуелділігін күшейту арқылы болды: судьялардың еңбекақысы тұрақты түрде жоғарылап отырды, ал соттар қазір мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып отыруы - реформаны өткізуге дейінгі облыстық соттарға ақша қаражатын бөлуге жауапты болған жергілікті үкіметтер тарапынан қажетсіз қысымды болдырмауға бағытталған қадам болды.

Мұнан былай сот жүйесін жетілдіру көбінесе бірлескен кәсіпорындар арқылы түсетін шетелдік және жергілікті инвестицияларды тартуда маңызды қадам ретінде қаралады. Сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту қажет және де оның институттары арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру, жалпы барлық тікелей іс-әрекеттенген тараптардың біліктілігін жоғарылатуды жалғастыру. Осындай мәселелер

экономиканың шикізат емес салаларында болашақ инвестицияларға қосымша пайда әкелуі күтіледі. Мұндай қатынас экономиканы әртараптандыру саласында Қазақстан Үкіметінің саясатын жүзеге асыруда үлес қосады.

1.3. Алынған тәжірибе және толықтыратын қызмет

Алынған тәжірибе

ЕК Қазақстанда осы саланың қандай да бір ірі бастамаларды қаржыландырмағандықтан, (нәтижеге қол жеткізуге бағдарланған мониторинг) "ROM" жүйесі бойынша жобаларға жүргізілген жоқ, себебі бұл жүйе құны 1,0 млн. еуродан аса жобаларды қарастырады. Сонымен қатар осы секторға бағалау жүргізілмеген. Қазақстан Республикасы Омбудсменінің қолдауымен Твининг-жоба 2006 жылдың желтоқсанында аяқталды. Қазіргі уақытта ЕИДПЧ бағдарламасы шеңберінде Қазақстанда балалар құқығы бойынша Омбудсменді дамыту макро-жобасы іске асырылуда. Екі жоба да бенефициарлар тарапынан мақұлдау қолдау тапты және тауып келеді, бенефициар тарапынан әсіресе твининг негізіндегі ынтымақтастық ерекше мақұлданды.

Сонда да ЕК Қазақстан Республикасындағы Өкілдігінің Қазақстан Үкіметіне жәрдем көрсету саласындағы жалпы тәжірибесі былайша сипатталады:

- ҚР Үкіметінің тартылуын күшейту: жай донорлық көмек жасау бенефициарлардың тарапынан қызметке қатысуға көбіне қызығушылықтың төмен болуына әкеп соғады. Сондықтан жобаға дайындық бенефициарлармен тығыз ынтымақтастықта және үйлестікте болуы өте маңызды, бұл жобалық ұсынысты әзірлеуде осылар есепке алынды: ол мүдделі билік органдарымен тығыз қарым-қатынаста дайындалған болатын.

- Кешендік ұстаным: бенефициармен тығыз ынтымақтастық жобасы әзірленген болса да, жұмыс күтілген нәтижелер әкелмеуі мүмкін. Сондықтан бірнеше бенефициар институттармен ынтымақтастықта үлкен көлемдегі жобалардың негізін қалау қажет. Жобадан бөлек өзара іс-қимыл жасамайтын мұндай екі (немесе бірнеше) мемлекеттік мекемелер арасында өзара іс-қимыл жасау бірқатар жағымды нәтижесі болады.

Толықтыратын қызмет

ЕК қолдау жөніндегі жобалары

Соңғы бес жылда Комиссия мынадай жобаларды қаржыландырды:

- Құқықтық реформаға жәрдемдесу: нотариаттық реформа (екі кезең);
- Сот жүйесін институционалдық дамыту;
- Заң академиясын қолдау (екі кезең);
- Қазақстан Республикасы Омбудсменінің қолдауы (твининг-жоба);
- Балалар құқығы бойынша Омбудсмен институтын дамытуды қолдау (бірлескен жоба).

"Сот жүйесін институционалдық дамыту" мен Заң академиясын қолдау" жобалары

ұсынылып жатқан жобаның тікелей негізін салушылар. Екі жоба да Жоғарғы сотты ( немесе бекітілген мекемелерін, мысалы Заң Академиясын) қолдауға бағытталған болатын. Сот жүйесін дамыту бойынша жобадағы айтылған кейбір элементтер ( алқабилер сот институтын, сот приставы институтын құруда жәрдемдесу, сот ақпаратын алуға жұртшылықтың қол жеткізуі) осы жоба бойынша қайтадан міндет болып қызмет етеді. Қазақстан билігі Еуропалық Комиссияның өкілдігіне бұл жобаға Омбудсмен институтына одан әрі көмек көрсетуді енгізу бойынша өтініш жасаған болса да, біз мұны жобаның нақты бағытымен ешбір залалсыз енгізіле алмайды және де орны бөлек жоба деп санаймыз.

Ынтымақтастық бойынша немістік техникалық бюро жобаларының мақсаты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін әзірлеуде жәрдемдесу мен судьяларды кәсіптік оқыту болып табылады. Қызмет түрлері қажеттіліктерге сәйкес жобаны іске асыру барысында пішіндері өзгертіліп әзірленеді. Жоба 1996 жылы бастау алды және ең кемінде 2010 жылға дейін қаржылық қаражатты қамтиды. Бенефициар-елдер: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан болып табылады. Жылдық бюджет әрбір ел үшін 0,4 млн.еуроны құрайды.

Ұлыбритания Елшілігі алқабилер соты институтын таяуда енгізу және адвокаттардың қызметіне жаңа практикасының әсері мәселелері бойынша тренинг-сессияларын өткізуді қаржыландырады.

Польша түрме реформасы бойынша шағын жобаны қаржыландырады. АҚШ-тың Мемлекеттік Департаменті заңсыз алынған ("Ақша жымқыру") ақшаларды жария етуге қарсы күреске байланысты әдістерді оқыту шеңберінде Қаржылық полициясы академиясына қолдау көрсетуді жалғастырады. Бұдан басқа, АҚШ тәуелсіз органның құрылуын артықша қуаттайтын ЕО, БҰҰ мен ОБСЕ тараптарынан жасалған сынға қарамастан, 2007 жылы Бас прокуротура жанынан құрылуы ықтимал, Қаржылық барлау органына жәрдемдесуге өз қызметін шоғырландыруға ниеттеніп отыр.

2006 жылдың қыркүйегінде жаңа салаларда соттық менторлық бағдарламасын өндіруді қолдауға өз еркімен кіріскен, ЮСАИД жобасының шеңберінде Қазақстанның сот жүйесіне жәрдем жасайтын судьяларға практикалық оқу өткізілді. Бұл жоба 2007 жылдың қазанында аяқталатын болады. Қазіргі уақытта ЮСАИД құқықтық реттеу саласында жобаларды қаржыландыруды жалғастыруды жоспарлап отырған жоқ.

Американдық үкіметтік емес ABA/CEELI ұйымы негізгі жергілікті телеканалдарда көрсету үшін құқықтық реттеу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша білім беру бағдарламасы өндірісі саласында мемлекеттік мекемелерге де азаматтық қоғам институттарына да жәрдем жасады. Бұдан бөлек ABA/CEELI ұйымы жақында құрылған алқабилер соты (бенефициарлар: Адвокаттар одағы, Жоғарғы сот) институты мәселелері бойынша адвокаттарға арнап оқу семинарларын өткізеді.

Соңғы жылдары БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс басқармасы Дүниежүзілік Банкпен бірлесіп мынадай салаларға күштерін жұмылдырды: (а) қаржылық барлау органын

құру мен (б) ақша жымқыруға қарсы күрес бойынша УНП ғаламдық бағдарламасы шеңберінде қаржылық жұмыс тобына арналған БҰҰ УНП-ның 40 ұсынысын іске асыру мәселелері бойынша оқыту. Қазіргі уақытта БҰҰ УНП негізгі күшін Алматыда өңір елдерінен құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін Аймақтық Орталық Азиялық ақпараттық және үйлестіру орталығы (ЦАРИКЦ) құруға жұмсауда.

ОБСЕ мынадай бағыттарда жұмыс жасауда: 2007 жылы тұтқынға алу бойынша соттық санкциялауды өндіру мәселелері бойынша судьяларды оқыту, саяси оппозиция өкілдерінің соттық тыңдауларын мониторингтеу.

1.4. Донорларды үйлестіру

Бұл жобалық ұсынысты дайындау процесінде Үкімет - екі жақты негізде - құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету және сот жүйесін реформалау саласында қызметін жүзеге асыратын негізгі донор ұйымдармен, атап айтқанда, ОБСЕ, УНП, БҰҰ, Дүниежүзілік Банк, АҚШ Мемдепартаменті, ЮСАИД, (GTZ), Техникалық ынтымақтастық бойынша неміс қоғамы, "ABA/CEELI" ҮЕҰ, сондай-ақ бенефициарлармен, атап айтқанда: Жоғарғы сотпен, Адвокаттар одағымен, Әділет министрлігімен және Бас прокуротурамен консультациялар жасайды.

Бұдан басқа, Өкілдік ОБСЕ, УНП, БҰҰ, Дүниежүзілік Банк, АҚШ Мемдепартаменті, ЮСАИД, Техникалық ынтымақтастық бойынша неміс қоғамы, " ABA/CEELI" ҮЕҰ өкілдерімен, сондай-ақ Польша, Словакия, Нидерланды, Германия мен Франция елшіліктерімен үйлестіру жиналысын ұйымдастырды. 2007 жылы 2 сәуірде өткен бұл жиналыста бұл жобаның алдын-ала сипаттамасы назарға ұсынылды. Кеңестің нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды: (а) Еуропалық Комиссияның осы саладағы жобасы құпталады, (б) аздаған донорлардың бұл салада негізгі жобалары бар (негізінен GTZ, ОБСЕ, УНП БҰҰ) мен (с) барлық донорлар біздің бастаманың қайталанбайтыны, керісінше ағымдағы жобаларды толықтыратын туралы келісті.

ОБСЕ мен ЕК ҚР-дағы өкілдігі ұсынылып отырған жобаны дайындау барысында басталған сұхбатты жалғастыратыны және қажеттілік туғанда кездесетіні туралы келісті.

Сот жүйесін нығайту саласында донорлар қызметін үйлестіру үшін арнайы тетіктің жоқтығына байланысты мұндай тетікті жасау ұсынылатын жоба шеңберінде қарастырылады.

2. Жобаның сипаттамасы

Жоба сараптамалық ұсынымдар беру, институционалдық дамуда, әлеуетті жоғарылатуда қолдау көрсету жолымен сот саласындағы түйінді институттардың негізгі қажеттіліктерін шешуге бағытталған.

Осы сипаттамаға алдын-ала қосымша Жалпы жұмыс жоспарына сәйкес және оған бекітілген Қаржыландыру туралы келісімге өзгерістер енгізу қажетінсіз толықтырылуы немесе өзгертілуі ықтимал Қисынды шеңбер қоса беріледі.

2.1. Міндеттер

Жалпы мақсат

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің сапасын жақсарту

Нақты міндеттер

Іріктелген салаларда сот жүйесі үшін секторлық стратегияны дамытуға жәрдемдесу.

Үкіметтің үш негізгі институтармен: судьялармен, адвокаттармен, прокурорлармен арасындағы арақатынасты жақсартуға бағытталған саясатына қолдау көрсету.

Сот реформасы арқылы жергілікті және шетелдік инвесторларға инвестициялық ахуалды жақсартуға жәрдем жасау.

Тоғысатын мәселелер

Сот жүйесін нығайту жолымен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру бұл жоба бойынша қызметпен негізгі тоғысатын сала болып табылады. Адам құқықтары мен гендерлік мәселелер жобаның міндеттерімен тоғысады. ЕК Өкілдігі тренинг-сессия өткізу барысында заңгерлер мен судьялар үшін гендерлік балансты қамтамасыз етеді. Сот шешімдері мен соттық рәсімдерді жетілдіруге мүмкіндік сот әділеттілігін қамтамасыз етумен және Адам құқықтарын сақтауға да тығыз байланысты. Жобаның күтілетін ұзақ мерзімді қолданылуы демократияны нығайтуда, адамның негізгі бас бостандығы мен құқықтарын сақтауда түйінделеді.

Жоба төрт құрамдауышты көздейді:

1-құрамдауыш: Әділет министрлігінің сот саласының реформасы үшін секторлық стратегия әзірлеуін қолдау.

Әділет министрлігіне мұндай стратегияны әзірлеуді қолдау көрсету мүмкіндігін зерттеу; Қазақстандағы ЕК өкілдігі тарапынан болашақ секторлық қолдауға алдын-ала индикаторлар әзірлеу; әзірлеу процесін жандандыру үшін жәрдемдесу және беру.

2-құрамдауыш: Судьяларға, адвокаттарға және прокурорларға таңдаулы салалар бойынша әлеуетін жасау.

2.1-кіші құрамдауыш: Жоғарғы соттың зерттеу орталығы: Қазіргі уақытта Жоғарғы сот жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында сот жүйесі жөніндегі зерттеу орталығын құру мәселесін қарауда, өйткені сот жүйесі өзінің жұмысы туралы объективті пікір бере алатын институтқа мұқтаж. Сонда да, Қазақстан Үкіметі алдағы жылдары заңнама жүйесіндегі бұл кемшіліктерді жоюға ниеттеніп отыр.

2.2-құрамдауыш: Қамауға алу ордері: жақында қамауға алу ордерін беру құзыреті прокурорлардан судьяларға берілді, әлі де бұрынғыша өкілеттіктерді осылай берудегі өзінің негізгі ролін ұғынуда қиындықтарға жолығып жатыр. Қазақстан Республикасының заңнамасына осы түзету қамауға алу ордерін шығару рәсімін халықаралық стандарттарға, Қазақстан қандай да бір қосымша талаптарсыз ратификациялаған БҰҰ азаматтық және саяси құқықтар туралы пактісіне сәйкес келтіреді. Алайда ордер беру шешіміне әлі күнге дейін мемлекеттің атқарушы тармағының әртүрлі мекемелерінің тарапынан (прокурорлар, полиция) айтарлықтай

ықпал жасалуы бойынша белгілер бар.

2.3-кіші құрамдауыш: Алқабилер соты: 2007 жылдың қаңтарынан бастап кісі өлтірді немесе басқа да ауыр қылмыстар жасады деп айыпталған жауапкерлер істі алқабилер сотының қатысуымен тыңдау бойынша өтініш жасай алады. Алқабилер сотын енгізу тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі айтарлықтай өзгерістердің бірі болып саналады. Донорлық ұйымдар сияқты бенефициарлар да (Жоғарғы сот, адвокатура, прокуратура) Қазақстанның осы салада тәжірибесі болмағандықтан Республикада алқабилер соты институтын дамытуда қолдау көрсету қажеттігі туралы айтуда.

3-құрамдауыш: Адвокатура институтын нығайту

3.1-құрамдауыш: Қылмыстық іс жүргізу кодексін жаңартуға жәрдемдесу: Донорлық ұйымдар мен бенефициарлар өкілдерінің (Жоғарғы сот, адвокатура, Әділет министрлігі ) көпшілігінің арасында қылмыстық іс жүргізу кодексін реформалау қажеттігі туралы жалпы келісім бар. Қазақстан прокурорларының істерді сотқа дейін, сотта, соттан кейінгі карауда ерекше жоғары өкілеттіктері бар. Сот жүйесін реформалау бойынша ағымдағы қызметтер осы институттың өкілеттігін (тұтқынға алуға арналған сот ордерін және алқабилер сотын енгізу, жоғарыда көрсетілген) шектеуге бағытталғанына қарамастан прокурорлар батыс елдері прокурорларында жоқ көптеген артықшылықтарды сақтап отыр. Мысалы, Қаржылық барлау органы, Бас прокуротураның тікелей басшылығымен жұмыс істеуі мүмкін, Бас прокуратураның Жоғарғы соттың шешімінің күшін жою құқығы бар және т.б.

3.2-құрамдауыш: Адвокатура институтын нығайту: Адвокаттық қызмет бойынша заңнамада әлі де көптеген ашық мәселелер сақталып қалуда. Мысалы, адвокатура институтының қалайша ұйымдастырылуы (мысалы, Палаталар құру жолымен) заңнама тәртібімен көзделмеген, сондай-ақ адвокаттардың сот істерімен жұмыс істеу үшін міндеттері нақты анықталмаған. Қазіргі уақытта университеттік дәрежесі бар әрбір адвокат сотта клиенттің мүддесін қорғай алады. Осылайша сапаны бақылаудың жеткіліксіздігі қазақстандық адвокатурада сот істерін қараған кезде кәсіптік дайындығы біршама жоғары судьялар мен прокурорларға жиі төтеп бере алмайтын адвокаттардың арнайы дайындығының деңгейінің төмен болуына алып келді.

3.3-құрамдауыш: Алматы қаласында адвокаттарға арналған оқу орталығы: Тәуелсіздік алған сәттен бастап адвокатура институты қажетінше дамыған жоқ. Адвокаттардың кәсіптік машықтары, әдетте нашар, ал оқып-үйренуге қажеттілігі - орасан зор болып отыр. Қазіргі уақытта кәсіби адвокаттар қауымдастығы Астана қаласындағы Адвокаттар Одағы және оған бекітілген Алматы қаласындағы адвокаттарға арналған оқу орталығы сияқты тек шағын ұйым ретінде ғана көрініп отыр.

4-құрамдауыш: Құқықтық кеңістікті елдің іскерлік климатының элементі ретінде жетілдіру

Осы құрамдауыш "соттық-құқықтық элементті" болашақта Қазақстанның ЕК өкілдігінің экономикалық әртараптандыру саласындағы ірі жобасын қамтамасыз етуге бағытталатын болады және келесі бағыттарды көздейтін болады:

4.1-құрамдауыш: Алматы қаласындағы арнайы экономикалық сот: Жоғарғы сот инвестиция мәселелері бойынша дауларда машықтанған біршама жаңа институт болып табылатын, бұдан әрі Арнайы экономикалық соттың әлеуетін дамытуға жәрдемдесуін сұрады.

4.2-құрамдауыш: Сот шешімдеріне қол жеткізу: Соттар ұйғарымдарын жазбаша түрде ұсынуын белгілі бір уақыт кезеңі барысында ұсынуын талап ететін мәжбүрлеу механизмінің болмауы себебінен заңды және жеке тұлғалардың сот шешімдеріне қол жеткізуі шектеулі. Судьялар өз шешімдерін жазбаша түрде көбінесе тек қана сот талқылауы аяқталған соң бірнеше аптадан кейін ғана ұсынады. Мұндай сот рәсімдерінің тиянақсыздығы жауапкер сот шешіміне қарсылығын берудің міндетті соңғы мерзімін өткеріп қойғанда немесе іс қағаздарын дайындауға қажетті уақыттың болмауы себебімен қарсылықтың негіздемесін толықтырып өткізбеген жағдайлары сияқты оқиғалардың туындауына алып келді. Қазақстан Үкіметі аталған мәселе туралы біледі, алайда оны кешенді жолмен шешуге әлі мүмкіндігі болмай отыр.

4.3-құрамдауыш: Сот шешімдерін атқару: Сот шешімдерін атқару жүйесін мүдделі тараптардың (үкіметтік, сондай-ақ жеке сектормен) талқыға салу сот шешімдерінің атқарылу жүйесін табанды түрде жетілдіру қажеттігін айқындап отыр. Ағымдағы жүйе барынша тиімсіз және жемқорлыққа бейім оны бақылаушы орган ретінде Жоғарғы сот та мойындап отыр. Жоғарғы сот қазіргі уақытта әрбір нақты іс бойынша шешімді орындау нәтижесінде табыс түсіре алатын жеке сот орындаушыларының институтын енгізу жөніндегі мәселені қарастыруда.

2.2. Күтілетін нәтижелер

1-құрамдауыш: Әділет министрлігінің сот секторын реформалау үшін секторлық стратегияны әзірлеуге қолдау көрсету.

1.1-нәтиже: Сот реформасы үшін кешенді стратегия мен тиісті іс-шара жоспарын әзірлеу

2-құрамдауыш: Таңдалған салалар бойынша судьялар, адвокаттар мен прокурорлар әлеуетін жасау.

2.1-нәтиже: Жоғарғы сот жанынан судьялардың жұмыс істеу жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ететін Зерттеу орталығын құру

2.2-нәтиже: Бекітілген рәсімдер мен ережелерге сәйкес қамауға алу ордерін және тікелей бенефициарлардың (судьялар, адвокаттар, прокурорлар) алқабилер соты практикасын қолдану

3-құрамдауыш: Адвокатура институтын нығайту

3.1-нәтиже: Қылмыстық іс-жүргізу заңнамасын қайта қарау

3.2-нәтиже: Сотта жұмыс істейтін адвокаттардың әлеуетін нығайту

4-құрамдауыш: Елдің іскерлік ахуалының соттық құрамын жақсарту

4.1-нәтиже: инвестициялар мен келісім-шарттар бойынша дауларды шешу мәселелері жөніндегі сот шешімдерінің сапасын жақсарту

4.2-нәтиже: Азаматтар мен экономикалық субъектілерге, сотта жұмыс істейтін мамандарға (адвокаттар) сот шешімдеріне қол жеткізуді жақсарту

4.3-нәтиже: Сот шешімдерін атқарудың барынша жоғары көрсеткіші

2.3. Қызметтің түрлері және орындалу мерзімі

Техникалық тапсырманы дайындау

2008 жылдың 4 тоқсаны

Техникалық жәрдем

1-құрамдауыш: Әділет министрлігінің сот секторын реформалау үшін секторлық стратегияны әзірлеуіне қолдау көрсету

1.1-қызмет: Ақпараттандыруды жоғарылату мақсатындағы кездесулер мен семинарлар (1-6 ай)

1.2-қызмет: Стратегия әзірлеу әдістері бойынша тренингтер (7-35 ай)

2-құрамдауыш: Таңдалған салалар бойынша судьялар, адвокаттар мен прокурорлар әлеуетін жасау

2.1-қызмет: Жоғарғы сот жанынан зерттеу институтын құру бойынша сараптамалық білім мен тәжірибе беру (4-35 ай)

2.2.-қызмет: Оқу сапары (12 ай)

2.3-қызмет: Тренингтер (4-35 ай)

3-құрамдауыш: Адвокатура институтын нығайту

3.1-қызмет: Тұтастай алғанда бенефициарлар үшін және оның ішінде Әділет министрлігіне жалпы құқықтық мәселелер бойынша консультациялар (4-35 ай)

3.2-қызмет: Тренингтер (4-35 ай)

3.3-қызмет: Саяси деңгейде күйттеу стратегиясын әзірлеу (4-6 ай)

3.4-қызмет: Адвокаттарға сапалы оқу академиясын құру мәселелері бойынша сараптамалық білім беру (4-9 ай)

3.5-қызмет: Оқу сапары (18 ай)

3.6-қызмет: Тренинг және оқу бағдарламасын әзірлеу мен сапасын қамтамасыз ету бойынша консультанттардың қызметі (4-35 ай)

4-құрамдауыш: Елдің іскерлік ахуалының соттық құрамын жақсарту

4.1-қызмет: Арнайы экономикалық соттың жуырда ашылуына байланысты институционалдық даму бойынша сараптамалық білім беру (4-35 ай)

4.2-қызмет: Арнайы экономикалық соттың судьялары үшін тренинг (4-35 ай)

4.3-қызмет: Оқу сапары (24 ай)

4.4-қызмет: Соттардың ұйымдық құрылымы бойынша, сондай-ақ алқабилер заседательдерінің шешім шығару тәртібін реттейтін заңнама мен бойынша болуы

мүмкін сараптамалық білім беру (4-35 ай)

4.5-қызмет: ЕО елдерінде сот приставы қызметі жөнінде сараптамалық білім беру (4 - 9 ай).

Мониторинг және бағалау

5-бөлімді қараңыз.

Алдын-ала күндері көрсетілген.

## 3. Орналасқан жері және ұзақтығы

### 3.1. Орналасқан жері

Орналасуы: Астана қаласы (ҚР астанасы) мен Алматы қаласы және ЕО елдері (оқу сапарлары).

Тікелей бенефициарлар: Әділет министрлігі, Жоғарғы сот, соттар, Бас прокуратура, прокурорлар, адвокаттар және заңгерлер, Адвокаттар одағы;

Түпкілікті бенефициарлар: шетелдік және жергілікті іскер топтар, сауда палатасы, жауапкерлер, сот істеріне қатысушы қарапайым азаматтар.

Жобалау тобы мен сарапшылар Әділет министрлігінің бөлме жайларында орналасатын болады.

### 3.2. Ұзақтығы

Жобаның операциялық жалғасымдылығы 72 айды құрайды. Осы кезең Жалпы шарттардың 4.1-бабында белгіленген шарттарға сәйкес 2 бөлімді құрайды ( Қаржыландыру туралы келісімге 1-қосымша):

1. Жүзеге асыру кезеңі қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен бастап 48 айға дейін жалғасады.

2. Жалғасымдылығы 24 айлық аяқталу кезеңі жүзеге асырылу кезеңінің аяқталу сәтінен басталатын болады. (Жалпы шарттардың 6-бабына сәйкес (Қаржыландыру туралы келісімге 1-қосымша) қаржылық келісімді орындау бойынша келісім-шарттарға берілген Қаржылық келісім күшіне енген соң үш жылдан кешіктірмей қол қойылуы тиіс (аудит жүргізу және бағалау жүргізу бойынша келісім-шарттардан басқа). Берілген шекті мерзімнің ұзартылуы мүмкін емес ("қызмет ету мерзімінің аяқталуы жөніндегі ереже").

4. Жобаны іске асыру

4.1. Ұйымдастыру дайындығы және жауапты тұлғалар

Жобаны ЕК оның Қазақстандағы Өкілдігі арқылы іске асырылатын болады. Толық ауқымды қатысуды және қызметтің мүдделілігін қамтамасыз ету үшін Әділет министрлігіндегі және басқа да бенефициар-ұйымдарда іске тартылған қызметтермен

тығыз қарым-қатынас жасау үшін тетіктер белгіленетін болады.

Бақылау үшін және жалпы басқару мен жобаның стратегиясы үшін Басқарушы комитет құрылатын болады. Бақылаушы комитет жылына екі рет бас қосатын болады.

Басқарушы комитеттің құрамы:

- Вице министр, Әділет министрлігі;
- Төраға хатшылығының жетекшісі, Жоғарғы Сот;
- ЕК-нің Қазақстандағы басшысы Өкілдігінің өкілі.

Қажет болғанда Басқарушы комитет өз мәжілістеріне техникалық көмек қызметтерін ұсынатын атқарушылардың өкілдерін және де басқа да мүдделі тараптарды шақыра алады.

Жүзеге асыру әдісі

Жобаның барлық құрама бөліктерін құрайтын Қаржылық келісіміне Қазақстан Үкіметі қол қоятын болады. Жобаны іске асыру басқарудың орталықтандырылған әдісіне енгізіледі.

ЕК-ның Қазақстандағы Өкілдігі келісім-шарт рәсімдеріне сәйкес қызмет көрсету бойынша келісім-шарттарға қол қою арқылы мониторинг пен қызметті бағалау үшін шарттар жасайды.

ЕК Өкілдігі Техникалық тапсырманы дайындау үшін техникалық көмек беру жөнінде негіздемелік келісім-шарт жасайды.

Техникалық көмек беру мен ақпараттық қолдау жасау келісім-шарттары тендерлерді өткізгеннен кейін қызмет көрсету келісім-шарттарына қол қою арқылы Қазақстандағы ЕК реттейтін болады.

4.2. Есептілік

Мердігер техникалық тапсырмаға сәйкес бастапқы, аралық және соңғы есептерді тапсырады.

4.3. Жобаның/бағдарламаның бюджеті

Осы жобаның жалпы құны 3 500 000 еуроны құрайды. ЕО бюджетінен салым 3 500 000 еуроны құрайды.

Қазақстан Үкіметі тарапынан заттай түрдегі салым жобаның бастапқы кезеңі барысында анықталатын болады.

| Санаттар | ЕК салымы | Үкіметтің салымы | Өз қаражаты | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| | EUR | EUR | EUR | EUR |
| 1. Қызметтер | 3 500 000 | | | 3 500 000 |
| 1.1. Техникалық жәрдемдесу | 3 400 000 | 0 | 0 | 3 400 000 |
| 1.2. Техникалық тапсырманы дайындау | 30 000 | 0 | 0 | 30 000 |
| 1.3. Мониторинг және бағалау | 70 000 | 0 | 0 | 70 000 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ЖИЫНЫ | 3 500 000 | 0 | 0 | 3 500 000 |

4.4. Жобаның бюджетін пайдалану

Жобаны орындау бойынша келісім-шарттар берілген рәсімдерді бастау сәтінде күшіне енген сыртқы операцияларды жүзеге асыру үшін Комиссия белгілеген және жариялаған стандартты іс-қағаздар мен рәсімдерге сәйкес орындалып берілуі қажет.

5. Мониторинг және бағалау

5.1. Мониторинг

Бенефициарлар ЕК Өкілдігіне де, мердігерге де жобаны жүзеге асыру мәселелері бойынша кері байланысты тұрақты ұсынатын болады. Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар арнайы техникалық тапсырмаға сәйкес нәтиже алуға бағытталған жүйе бойынша сыртқы мониторинг өткізетін болады. Мониторинг іс жүзінде жобаны жүзеге асырудың алтыншы айынан басталады және жобаның аяқталу кезеңіне дейін кемінде алты ай бұрын аяқталады.

5.2. Бағалау

Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар сыртқы бағалауды арнайы техникалық тапсырмаға сәйкес жүргізетін болады, атап айтқанда:

- аралық сапар;
- фактi бойынша бағалау жүргізілуі мүмкін.

Бенефициар мен Комиссия аралық бағалау нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсыныстарды талдайды және қажет болған жағдайда жобаның міндеттерін қайта бағдарлауды қоса алғанда бұдан кейінгі іс-қимыл мен қажетті өзгертулер туралы бірлескен шешім қабылдайды. Мониторинг пен бағалау жөнінде басқа ресми сапарлардың есептері осы сапарлардың нәтижесінде алынған кез келген ұсыныстарды ескеру үшін бенефициарларға ұсынылады.

Комиссия алдағы сапарлардың мерзімі жөнінде кем дегенде 14 күн бұрын Бенефициарларды алдын-ала ақпараттандыратын болады. Бенефициарлар мониторинг және/немесе бағалау жасайтын сарапшылармен тиімді түрде ынтымақтасатын болады және басқаларынан бөлек оларға барлық қажетті ақпарат пен құжаттамалар мен жобаны жүзеге асыру үшін бөлме-жайларға кіру мүмкіндігін ұсынады.

6. Ақпарат және БАҚ-та жариялау

Мердігер Қазақстандағы ЕК Өкілдігімен тығыз байланыста бола отырып ынтымақтастықтың басында және аяғында баспасөз-конференцияларын ұйымдастырады. БАҚ өкілдеріне қосымша брифингтер ЕК Өкілдігімен де мердігермен де жобаны жүзеге асыру барысында қажеттілігінше өткізілетін болады.

Жобаның нәтижелері Еурокомиссияның Телевизиялық бағдарламаларында, ЕК журналында және басқа да баспаларда жарияланады. Коммуникация тетіктері ретінде веб-сайт және Өкілдіктің электронды бюллетені қолданылады.

БАҚ-та ынтымақтастық мәселелері бойынша жарияланымдарды реттейтін ЕК ережелерін барлық мердігерлер ұстануы қажет.

7. Қосымшалар

1-қосымша - Қисынды шеңбер

II Қосымша — DCI-ASIE/2007/019-259 Б құрамдауышы

Техникалық және әкімшілік ережелер

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бенефициар ел / өңір | Қазақстан Республикасы / Орталық Азия | | |
| Сұратушы орган | Білім және ғылым министрлігі | | |
| Бюджеттің бабы | 19.100200 | | |
| Аты | Кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарламаны қолдау ( 2008/019-259) | | |
| Жалпы құны | 5 000 000 еуро<br>Еуропалық Комиссияның салымы: 5 000 000 еуро | | |
| Қолдау көрсету / басқару тәсілі | Жобалық тәсіл / Орталықтандырылған басқару | | |
| Код DAC | 11330 | Сектор | Техникалық-кәсіптік білім беру және оқыту |

Мазмұны


1. Негіздеме
1.1. Экономикалық және әлеуметтік жағдай
1.2. Саланың жай-күйі
1.3. Алынған тәжірибе және толықтыратын қызмет
1.4. Донорларды үйлестіру
2. Жобаның сипаттамасы
2.1. Міндеттер
2.2. Күтілетін нәтижелер
2.3. Қызметтің түрлері және орындалу мерзімі
3. Орналасқан жері және ұзақтығы
3.1. Орналасқан жері
3.2. Ұзақтығы
4. Жобаны іске асыру
4.1. Ұйымдастыру дайындығы
4.2. Есептілік
4.3. Жобаның / бағдарламаның бюджеті
4.4. Жобаның бюджетін пайдалану
5. Мониторинг және бағалау
5.1. Мониторинг
5.2. Бағалау
6. Ақпарат және БАҚ-та жариялау
7. Қосымшалар


1. Негіздеме

1.1. Экономикалық және әлеуметтік ахуал

Экономикалық ахуал

Қазақстан табыс деңгейі ортадан төмен (жан басына шаққандағы ЖІӨ шамамен $9.100), табиғи байлықтары мен егістік жерлері едәуір көп ел болып табылады. Қазақстан экономикасы - бұл шағын ғана ашық экономика, ол негізінен шетелдік сауда-саттыққа тәуелді. Экономикалық өсуінің ұзақтығы (2006 жылы 10%) қолайлы әлемдік нарық жағдайларында көмірсутегі мен пайдалы қазбалар экспортына негізделген.

Тауарлар экспорты 2006 жылы $38,2 млрд., ал импорт - $23,7 млрд., тауарлар экспорты мен импорты 2005 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 35%-дан астам жоғары көтерілді. Қазақстан экспортының барынша көп үлесі ЕО-ға тиесілі (40%). Импорт құрылымының экспорт құрылымынан едәуір айырмашылығы бар: жабдықтар, техника мен көлік Ресей (38%) мен Қытайдан (8%) келеді, тауарлар сатумен салыстырғанда сыртқы сауданың көлемі көп емес және ол 2006 жылғы $5,2 тапшылығымен бірге теріс үрдісті сақтап отыр. Іскерлік және кәсіптік-техникалық қызметтер Қазақстандағы импорттық қызметтердің жалпы көлемінің 42% құрайды.

Басқа мемлекеттермен сауда жалпы көлемнің тек біраз пайызын ғана құрайды. Өңірдегі елдер арасындағы сауданың дамуына тарифтердің жоғары болуы, ауыртпалықты көлік шығыстары, жеткілікті дамымаған инфрақұрылым мен халықаралық бөгеттер кедергі жасауда. Кең дамыған жергілікті нарықтың жоқтығы инвесторлар үшін тежеуші фактор болып табылады, бұл өңірдегі тұрақты экономикалық өсудің елеулі мүмкіндіктерінің жоғалуын білдіреді.

Қазақстан өңірге құйылатын капиталдың жалпы ағынының 80%-ын тартады. ЕО негізгі шетелдік инвестор болып табылады. 2005 жылы $ 1,7 млрд. дейін төмендегеннен кейін тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 2006 жылы 6 млрд. $ аса өсті. Тікелей шетелдік капитал салу өндіруші секторға шоғырландырылған. Экономиканың басқа секторларына капитал ағынын ұлғайтуда және әртараптандыруда инвестициялық ахуалды, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту және сот жүйесіне деген сенімді арттыру үшін маңызды қадам жасау қажет.

Әлеуметтік ахуал

90-шы жылдардың басында денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғаудың бұзылған жүйесін мемлекеттік қаржыландыру сауда теңгерімінің белсенді сальдосының нәтижесінде біртіндеп ұлғаюда. Алайда, Қазақстанның алдында соңғы он бес жылдың ішінде бұзылған әлеуметтік инфрақұрылым мен адами капиталды қалпына келтіру жөнінде маңызды міндеттер тұр.

Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі уақыттағы осындай проблемаларының бірі жеткіліксіз материалдық-техникалық база және ескірген медициналық жабдықтар (БҰҰДБ-ның 2006 жылғы адамның дамуы туралы баяндамасы), сондай-ақ білікті медицина құрамының жеткіліксіздігі болып табылады.

Елде әлі де Кеңестер Одағы кезінен қалған ескірген нормалар мен ережелер, сондай-ақ нашар басқару жүйесі және тиімсіз қаржы құрылымдары қолданылуда.

Қазақстанда жан басына шаққандағы табыс тұрақты түрде артып келе жатқанымен өңірлік теңгерімсіздіктер мен айырмашылықтар барынша сақталуда. Бұдан басқа, кедейлік шегінен төмен тұратын адамдар деңгейі жергілікті жағдайда жоғары болып қалуда. Әлеуметтік мұқтаждықтарға арналған шығыстар деңгейінің төмендігі елдің өңірлеріндегі даму қарқынының сәйкессіздігімен, сондай-ақ елдің кейбір бөліктерінде денсаулық сақтау салаларындағы орталық және өңірлік мемлекеттік шығыстар құрылымының ағымдылығымен негізделеді.

1.2. Саланың жай-күйі

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты қажеттіліктер экономиканы адами ресурстармен қамтамасыз ету мәселесін, атап айтқанда, экономикалық әртараптандыру үдерісінде маңызды рөл атқаратын білікті техникалық кадрлардың жетіспеушілігі мәселесін бірінші орынға қояды.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім берудің (КТБ) дамуында, 2007 жылдың басындағы секторды қаржыландыруды елеулі ұлғайту және КТБ туралы жеке заң енгізу мүмкіндігі туралы мәлімдемелерді ескергенде, оң ілгерілеу байқалады. Алайда, Қазақстан осы саланы реформалау кезінде үлкен қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр, өйткені КТБ саласы бұрынғысынша орталықтандырылған басқару сипатымен, қаржыландырудың жеткіліксіз көлемімен, нарықтың конъюнктурасына тәуелділігінің жоғары болуымен, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер мен іскер топтардың тартылу дәрежесінің жеткіліксіздігімен сипатталып отыр. Білім беруге қол жетімділік пен оның сапасы ағымдағы қежеттіліктермен үйлесімін таппай отыр. Білім беру мекемелерінің, кәсіпорындардың, жұмыспен қамту қызметтерінің және ресми емес білім беру ұйымдарының арасында ынтымақтастық нашар дамыған. Осының бәрі еңбек нарығында білікті мамандардың өсе түсіп отырған тапшылығына әкеп соғады, бұл жергілікті кәсіпорындардың тарапынан ғана емес, сондай-ақ тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауы себебінен, қызметкерлерді өз елінен шақыртуға мәжбүр болып отырған, Қазақстанда жұмыс істейтін (мысалы құрылыс секторында), көптеген шетелдік компаниялардың тарапынан да жиі айтылатын шағымдарға себеп болуда.

Еңбек нарығына қатысты, 2007 жылдың басында Үкімет атап көрсеткеніндей, білікті қызметкерлерге барынша үлкен қажеттілік келесі салаларда байқалып отыр: құрылыс, механика, қызмет көрсету, ауыл және орман шаруашылығы, көлік және жол салу, тұтыну тауарларын өндіру. Еңбек нарығын талдау және бағалау 3-міндет (ұлттық біліктілік негіздемеліктерін әзірлеу) шеңберінде ұсынылып отырған жобаның бір бөлігі болып табылады.

2007 жылдың 1 қаңтарында КТБ секторында 320 мектеп және 510 колледж, 558.600 оқушы және 40.763 оқытушы болды. Білім және ғылым министрлігі (БҒМ) 10-шы сыныпты бітірушілердің кәсіптік-техникалық мекемелерге түсу пайызын 50%-ға дейін

кетеруді жоспарлағанына қарамастан КТБ мекемелеріне түсу пайызы бұрынғысынша 20%-дан кем болып отыр. КТБ оқу мекемелерінің оқытушылары мен инструкторларының жалақылары өте төмен: инструктордың орташа жалақысы шамамен 100 еуроны құрайды, бұл білікті қызметкердің жалақысынан төрт есе аз.

Білім берудің ағымдағы жүйесінен жетілдірілген жүйеге көшу үшін келесі мәселелерді шешу қажет.

Әуелі, саяси стратегияларды әзірлеу саласындағы ұлттық тәжірибенің жеткіліксіз болуы. Қазақстанның КТБ саласындағы саясатында бұрынғысынша мүдделі тараптармен қажетті консультациялар көзделмей отыр. КТБ реформасын стратегиялық жоспарлау үшін жеткілікті әлеует, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім берудің инновациялық әдістемелер саласында білімі мен тәжірибесі болмай отыр.

Басымдықтарды айқындау және келісу, іс-қимылдың нақты жоспарын әзірлеу, серіктестік қатынастар құру және жүйенің барлық деңгейлерінде барлық мүдделі тараптарды тарту үшін біраз күш-жігер талап етіледі.

КТБ реформасын орнықты іске асыру үшін білім беру мекемелерін, сондай-ақ БҒМ басқару және әкімшілік әлеуетін нығайту қажет. Осындай проблемалар өңірлік деңгейде де орын алып отыр, БҒМ 14 облыста, Алматыда және Астанада өңірлік бөлімшелер құру ниеті осыны растайды. Еуропалық Комиссияның ұсынып отырған жобасының шеңберінде осы бөлімшелерге де қолдау көрсетілетін болады. Осылайша, жоба жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде өз жәрдемін ұсынатын болады. Бұдан басқа, БҒМ кәсіптік-техникалық білім берудің мазмұнына қатысты мәселелермен, яғни оқу бағдарламаларын әзірлеумен және оқытушылар мен инструкторларды даярлаумен шұғылданатын жаңа өңірлік әдістемелік орталық құруды жоспарлап отыр.

КТБ мен еңбек саласында бұрынғысынша алшақтық сақталып отыр. Кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің жұмыс берушілермен өзара іс-қимылы үшін тұғырнама, сондай-ақ КТБ жүйесінің еңбек нарығының мұқтаждықтарына сәйкестігін қамтамасыз ететін тетіктер де болмай отыр. Талап етілетін біліктіліктер анықталмағандықтан, КТБ жүйесі лайықты түрде ден қоя алмай және нарықты осы заманғы даярлық деңгейі бар жаңа мамандармен қамтамасыз ете алмай отыр. КТБ әртүрлі деңгейлері кәсіптік біліктілік деңгейлерімен байланыстырылмаған. Кәсіптік-техникалық білім мен мансап саласында келешегі жоқ, тығырықты бағыттар айқындалмаған. Сапаны тиісінше бақылау болмай отыр. Кәсіптік біліктілік формальді білімнің болуымен ғана расталуы мүмкін. Осының бәрі кәсіптік-техникалық білімнің беделінің одан әрі төмендей беруіне әкеліп соғады.

Ұзақ мерзім бойы КТБ даму үшін жеткілікті қаражат бөлінген жоқ, сондықтан сектор соңғы 15 жыл бойы жаңа жабдықтармен қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларын және оқыту әдістемелерін әзірлеу тұрғысынан алғанда іс жүзінде тұралау жай-күйінде болды. 2005-2007 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіптік-техникалық мектептерге, тозығы жеткен мектеп жабдықтарын

жаңалау үшін 7800 еуро мөлшерінде мардымсыз қолдау көрсетілді. Оқығаны үшін жұмыс берушілер де, ата-аналар да төлейді деп көзделгеніне қарамастан, осы уақытқа дейін ата-аналарға ғана төлеуге тура келіп отыр. Әлбетте, қазақстандық КТБ мекемелерінде студенттердің жартысы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен оқытылады, ал екінші жартысы өз оқуын өзі төлейді. Жұмыс берушілердің қаржылық үлес қосуларының күтілгеніне қарамастан, осы уақытқа дейін іс жүзінде олай болмай о т ы р .

Дегенмен де Білім берудің мемлекеттік бағдарламасы бекітілгеннен бері кәсіптік-техникалық білім беру мәселелері Үкіметтің назарына ілігіп отыр. 2005 жылдан бастап Білім және ғылым министрлігі көрсетілген Мемлекеттік бағдарламада көзделген білім беруді жалпы дамыту шеңберінде КТБ жүйесін жаңғыртуға бейілді екендігін көрсетіп отыр. Нәтижесінде КТБ секторына салынған қаражаттың көлемі ұлғайды. Бұдан басқа, жүйелік реформа жүргізудің өзекті қажеттілігі айқындалды, міне дәл осы бағытта Үкімет біздің жәрдемімізге иек артып отыр.

Үкімет саясатының шеңберінде жасалған негізгі қадамдар:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы ақпандағы техникалық және ауылшаруашылығы бейініндегі мамандарға қажеттілік баса айтылған Жолдауы жарияланғаннан кейін кәсіптік-техникалық мекемелердің студенттеріне мемлекеттік тапсырыс беру 15% артты. Бұдан басқа, жаңадан төрт өңіраралық оқу орталығы құрылды: Атырау - мұнай мен газ (2005), Павлодар - отын-энергетикалық (2006), Шымкент - маталар және қайта өңдеу (2008) және Өскемен - машина жасау (2009). Облыстың даму жоспарларына сәйкес 2008 жылға қарай 26 жаңа кәсіптік-техникалық мектеп салынатын болады.

- Мемлекет басшысы 2006 жылы желтоқсанда шетел инвесторлар кеңесінің отырыстарының барысында өзінің бірқатар сөздерінде, жаһандық экономиканың қажеттілігіне лайықты жоғары кәсіби жаңа жас жұмысшы кадрларын оқытуға күш-жігер жұмсаудың қажет екендігін баса айтып, КТБ-ның маңыздылығын атап көрсетті. Үкімет секторды реформалау үшін, жалпы білім беру бағдарламасының бір бөлігі болатын, Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын дайындауға тапсырма алды. Осы бастаманың салиқалылығы 2008 жылдан бастап секторды қаржыландыру көлемінің елеулі ұлғайтылуы туралы хабармен бекемделе түсті. Үкімет КТБ секторын реформалау үшін, сондай-ақ компьютер жабдықтарын сатып алу үшін сомасы 227 млн. долларға барабар қосымша қаражат бөлді. БҒМ ішінде саяси бағдарды қайта бағдарлаудың нәтижесінде кәсіптік-техникалық білім мәселелері бойынша арнайы бөлім құрылды, ал Министрліктің КТБ мәселелері бойынша қызметкерлерінің саны екі есе өсіп 20 адамға жетті. Осының бәрі КТБ реформалауға қатысты саяси ерік-жігердің елеулі түрде нығая түскенін көрсетеді. Жаңа серпін Қазақстанның өз экономикасын дереу әртараптандыруы тиіс екендігін ұғынуымен байланысты болып отыр, сондай-ақ әртараптандырудың шешуші тұстары Еурокомиссияның КТБ

реформалауға жәрдемдесу бойынша күш-жігерінің негізін құрайды.

Үкімет бағдарламасының міндеті - мүдделі тараптардың бәрін іске қосу және өскелең экономиканың талаптары үдерісінен шығатын және шетелдік инвестициялар үшін еңбек ресурстарын қамтамасыз ете алатын жоғары кәсіби және әртараптандырылған жұмыс күшін қалыптастыру мақсатында еуропа елдерінің тәжірибесін қоса алғанда, халықаралық барынша озық тәжірибені пайдалану.

Осы сектордың бағдарламалық құжаты ретінде Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының бірінші жобасы ақпан айында дайындалған болатын. Бағдарламаның негізгі элементтері әлі түпкілікті айқындалмаса да шешуші үш міндет көрсетілген болатын:

1. Нарықтың мұқтаждықтары мен халықаралық стандарттарға (үйлестіру) сәйкес жаңа білім беру бағдарламалары мен біліктілікті әзірлеу және енгізу;

2. Кәсіптік-техникалық білім беруді қаржыландыру саласында іске тартылған компаниялар үшін жаңа ережелерді енгізу арқылы, оның ішінде мемлекеттік-жеке серіктестік арқылы, жұмыс берушілердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

3. Инфрақұрылымды және жабдықтарды елеулі түрде жетілдіру, оқытушылардың жалақысын арттыру.

Соңғы бірнеше жылдар бойы Еуропалық Комиссия, Еуропалық Білім беру Қоры және Білім және ғылым министрлігі КТБ мәселелері бойынша осы секторға техникалық жәрдемдесу жобалары шеңберінде де, сондай-ақ жобадан тыс та тұрақты негізде саяси диалог жүргізді. Министрлік Еурокомиссияны КТБ секторында орнықты ұзақ мерзімді серіктес деп санайды және осы сектордағы еуропаның тәжірибесі танылады әрі бағаланады. Осылайша қабылдау Еуропалық Комиссия мен ЕБҚ бұған дейінгі бастамаларымен, сондай-ақ осы салада елеулі тәжірибеге, мысалы Германия, ие болуымен шартты байланысы бар.

2006 жылғы диалогтың қорытындылары бойынша Еурокомиссия мен Еуропалық білім беру қоры (ЕБҚ) өкілдерінің КТБ мәселелері бойынша бұдан арғы қадамдарды талқылау үшін 2007 жылы наурыздың аяғында Министрлікке танысу сапарлары болды. Мемлекеттік Бағдарлама бойынша ынтымақтастықтың маңыздылығы Білім министрлігі мен ЕК өкілдігі арасында 2007 жылы мамырдың басындағы тағы да бір кездесуде, атап көрсетілді. Білім және ғылым министрі Түймебаев мырза мен Еуропалық Комиссия Өкілдігінің Басшысы Адриаан Ван дер Меер мырзаның кездесуінде, Министр ел экономикасының жаңа мұқтаждықтарын қанағаттандыруға қабілетті жұмысшы кадрларын даярлау үшін кәсіптік-техникалық білім беруді жақсартудың табанды қажеттілігі тағы да расталды.

1.3. Алынған тәжірибе

Білім беру және оқыту саласында бұған дейінгі қызметті зерделеу және бағалау нәтижесінде жаңа ірі жобаны әзірлеу кезінде назарға алынуы тиіс бірқатар фактілер айқындалды.

Бұған дейінгі жобаларда жиі қолданылған пилоттық мектептерді пайдалануға негізделген тәсіл инновациялар енгізумен және компаниялармен байланыстар орнату үдерісіне тартылған мектептерде айта қаларлықтай пайдасын берді, алайда басқа мектептерге тигізген әсері шамалы болып шықты, өйткені қатарлас деңгейде тәжірибе және ақпарат алмасуды қамтамасыз ету оңай болмай шықты. Ұлттық саясат деңгейіндегі әсері одан да мардымсыз болды: пилоттық мектептермен және саяси топтардың арасындағы байланыстардың әлсіз болуына, сондай-ақ саясатты әзірлеу саласында әлеуеттің жалпы жеткіліксіз болуымен байланысты, пилоттық мектептердің тым болмаса біреуінің тәжірибесі есепке алынды деп айта қою қиын.

Сондай-ақ, донорлық жобалар шеңберінде әзірленген әлбетте, пилоттық мектептердің өзіне және олармен ынтымақтасқан жұмыс берушілерге пайдалы тәжірибе берген, алайда қатаң түрдегі орталықтандырылған стандарттарға байланысты ауқымы бойынша шектеулі және жалпы жүйеден оқшауланып қалған, КТБ мектептеріне арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу туралы көптеген әдістемелер туралы да айта кету орынды, жұмыс берушілердің мектеп бітірушілердің даярлық деңгейінде оң өзгерістердің бар екендігін атап көрсеткеніне қарамастан, КТБ саласындағы басқарушы ведомстволардың осы эксперименттерді бағалауға және тиісті сабақ алуға мүмкіндіктері болған жоқ. КТБ секторы мен еңбек нарығының арасында жергілікті деңгейдегі табысты ынтымақтастық қажетті тұғырнаманың және осындай ынтымақтастық үшін тетіктердің болмауына байланысты ұлттық деңгейде көшірмеленуі мүмкін емес еді.

Жергілікті бастамалардың сектордағы ұлттық саясатқа мардымсыз әсерінің осы және басқа да мысалдары жалпыұлттық ауқымда жұмыс істеу қажеттігін көрсетіп отыр, бұл осы бастамаларға өңірлік қажеттілік тұрғысынан бағалау жүргізуге мүмкіндік береді және ұлттық билікке қажетті дабыл беруге мүмкіндік береді. КТБ ресми органдарының жұмыс берушілердің өкілдері болып табылатын ведомстволармен, орталық деңгейде, әсіресе ұлттық деңгейде өзара іс-қимылын жандандыру қажет.

Сондай-ақ бұған дейінгі жобалардың тәжірибесі сараптамалық білім мен тәжірибені беру үдерісі біржақты сипатта болуы мүмкін екендігін растап отыр (үлес сарапшы тарапынан ғана, ал бенефициарлардың тарапынан тиімділіктің жеткіліксіздігі). Белсенді оқыту және бенефициарлардың өздерінің қатысуы үшін жағдайлар жасалмайынша, жаңа тұжырымдамалар бекиді және орнықты өзгерістер болады деп ойлау бекершілік. Ұлттық деңгейде бұл сарапшылардың өз рөлдерін ауыстырып, ұлттық ведомстволардың өздерінің саясат пен стратегияны әзірлеуде көмекшісіне айналатын тәсілдің қажеттілігін білдіреді. Осындай тәсіл ЕО-ның Қазақстандағы жаңа жобаларында сынамадан өткізілген болатын (Tacis 2006 бағдарламасы бойынша КТБ жобалары және төменде көрсетілген ЕБҚ жобалары).

Қосымша қызмет

"ТАСИС" Бағдарламасы бойынша "КТБ және Қазақстанда шағын және орта кәсіпорындардың дамуы" жобасы (900.000 еуро) 2005 жылы аяқталғаннан кейін, ЕК " Әдістеме және Қазақстан оқушыларының мұқтаждықтарына негізделген КТЖШС оқу бағдарламаларын дамыту үшін мүмкіндіктер" екінші жобаны (2006 мамыр - 2007 сәуір, 200.000 еуро) бастады. Тасис бағдарламасының басқа жобасы "Қазақстанда жоғары білімнің сапасын бағалау жүйесін әзірлеуге және мониторингісіне жәрдемдесуге" бағытталды (2006 сәуір- 2007 қыркүйек, 647.500 еуро). ЕО Тасис 2006 "Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім берудегі әлеуметтік серіктестік" 2008-2009 жж. арналған бағдарламасы (жобамен алғанда ең жоғарғы бюджет 1.000.000 еуро) Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде КТБ дамыту және кәсіптік-техникалық білім беру саласында әлеуетті жасау бойынша қолдауды үйлестіретін болады.

Еурокомиссияның жаңа бағдарламасына сәйкес - Ынтымақтастықты дамыту құралы (DCI) Орталық Азия үшін жалпы басымдықтар болып табылатындар: орнықтылықты ілгерілету, басқаруды және айқындықты нығайту, кедейлікті қысқарту және Орталық Азияның ішінде де сондай-ақ ЕО елдерімен де барынша тығыз ынтымақтасуға жәрдемдесу. Қазақстанда DCI бағдарламасы бойынша қызмет экономиканы әртараптандыру үдерісіне жәрдемдесетін болады. Сонымен, осы жоба техникалық бейін қызметкерлерінің кәсіптік дамуын қолдауға арналған, бұл орта біліктілік деңгейі үшін кәсіптік-техникалық білім берудің сәйкес саласын дамытуды білдіреді. Тұтастай алғанда бұған дейінгі бастамаларды іске асыру Еурокомиссияны осы жобада да жалғасын табатын, жүйелі консультациялық қолдау ұсынатын секторда сенімді серіктес деп санауға мүмкіндік береді.

ЕБҚ әр деңгейдегі жаңа біліктілік талаптары саласындағы саясатты дамытуға, олардың араларындағы ауысуларға және оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған Орталық Азияда Ұлттық біліктілік шектері бойынша жобаны (2005-2008) жүзеге асыруда. Әртүрлі министрліктер мен жұмыс берушілер де (негізінен туризм саласында), сондай-ақ біліктілікті өңірлік деңгейде барынша кең қамтып салыстырылуын қамтамасыз ету үшін орталық-азиялық өңірдің басқа да елдерімен ынтымақтастықты көздейтін жоба бойынша қызметке тартылып отыр. Жобаның мақсаты Ынтымақтастықты дамытудың жаңа құралы (DCI) біліктілік жүйесін іске асыру мен жаңғыртуды қамтамасыз ететін стратегияны әзірлеу болып табылады. Кедейлікті қысқарту саласындағы міндеттерге ЕБҚ-ның басқа - оның шеңберінде де КТБ стратегиясын әзірлеу жүргізіліп жатқан "Орталық Азияда кедейлікті қысқарту үшін дағдыны дамыту" (2006-2008) жобасының шеңберінде қол жеткізілуде. Қазақстан екі жобаға да қатысуда, 2007-2008 жж. қол жеткізілген нәтижелер ұсынылып отырған жобаға тіркелуі мүмкін.

Басқа донорлардың қатарында, "Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру сапасын тәуелсіз бағалау жүйесін іске асыру, техникалық салада және қызмет көрсету саласында кәсіптер бойынша біліктілікті беру және растау" жобасын жүзеге асырып

жатқан Халықаралық ынытымақтастықтың Корей Агенттігін атап көрсету қажет. "2006 -2008 жж. арналған мұнайгаз секторы үшін кәсіптік-техникалық білім беру мен оқыту жүйесін әзірлеу" ағымдағы қазақстан-норвегия жобасы елдің шешуші өнеркәсіп секторында КТБ жаңғыртуға бағытталған. Сондай-ақ немістің техникалық ынытымақтастық жөніндегі агенттігі (GTZ) және In Went компаниясы соңғы 10 жылда КТБ мектептерін жаңғырту саласында бірқатар жобаларды жүзеге асырды.

Мемлекеттік Бағдарламаны іске асырудың өзі, әрине, негізгі қосымша қызмет болып табылады. Білім және Ғылым министрлігі жуырда Дүниежүзілік Банктің қолдауымен 2007 жылдың қыркүйегіне Бағдарлама дайындау үшін жұмыс және үйлестіру тобын құрды.

1.4. Донорларды үйлестіру

Негізгі күш жоғары білім беруге жұмсалғандықтан осы уақытқа дейін Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы жобаларға донорлардың қатысуы барынша төмен болды. Донорлардың күш-жігері оқшауланған сипатта болды, оларды үйлестіруге донорлардың өздерінің тарапынан да, сондай-ақ Үкіметтің тарапынан да тиісінше ден қойылған жоқ.

Осыған қарамастан, Еуропалық Одақтың Tacis және DCI бағдарламалары шеңберіндегі жұмыс, сондай-ақ Дүниежүзілік Банктің жуырдағы бастамасы, халықаралық ірі донорлардың Үкімет тарапынан кәсіптік-техникалық білім беру мен оқуға назардың күшейе түскеніне тиісінше жауап беретінін көрсетіп отыр, бұл үйлестірілген және дер кезінде іс-қимыл жасау қажеттілігін көрсетіп отыр.

"Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім берудегі әлеуметтік серіктестік" (2008-2009 жж.) арналған жоғарыда көрсетілген ЕО Тасис 2006 бағдарламасы ұсынылып отырған жобада жалғасатын болады, өйткені осы бастамалардың екеуі де Мемлекеттік Бағдарламаны іске асыруды қолдауға бағытталған. Дүниежүзілік Банк Мемлекеттік Бағдарламаны дайындауға көмегін ұсынады, сондай-ақ оны Үкімет бекіткеннен кейін Бағдарлама бойынша қызметті қаржыландыруға жәрдемдесуді жоспарлап отыр. Еурокомиссия және Дүниежүзілік Банктің өкілдігі Қазақстанда күш-жігерді барынша тиімді үйлестіру және Үкіметтің КТБ реформалау бастамасына қолдау көрсетуге бірлескен секторлық тәсілді қолдану мүмкіндігін зерделеу үшін тығыз жұмыс байланысын орнатты.

Қазіргі кезде Қазақстан сыртқы көмектің тиімділігін арттыру жөніндегі Париж Декларациясын сақтайтын елдердің қатарына кірмейді. Осы жобаның міндеттерінің бірі КТБ жүйесін жаңғыртудың құрылымдық элементтерінің бірі ретіндегі білім беру және оқу саласындағы әртүрлі аяқталған және ағымдағы донорлық жобаларды біріктіруге жәрдемдесу болып табылады. Жоба сондай-ақ Білім және ғылым министрлігіне донорлардың болашақта күш-жігерін үйлестіруіне жәрдемдесуге бағытталатын болады, бұл Қазақстанда білім беру секторын дамытуға одан әрі көмек беру үшін болуы мүмкін секторлық тәсілдің алғышарттарының бірі болуы мүмкін.

Орталықтандырылған сала ретінде, белгілі бір ұлттық стратегиясы бар және жәрдемдесуге әзір тұрған донорларының аздаған саны бар, КТБ секторы, әсіресе осы бастама үшін лайықты өріс болғалы отыр.

2. Жобаның сипаты

Жоба бойынша қызмет стратегиясы 2007 жылдың аяғына дейін қабылданатын, кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту бойынша Мемлекеттік Бағдарламаның шеңберінде іске асырылатын КТБ ұлттық реформасына тікелей қолдау көрсетуге негізделген. Стратегия реформа үдерісін 2008 бастап 2012 жж. кезеңі бойы бағыттайтын болады.

Жоба бойынша жұмыс ұлттық қатысушыларды КТБ реформасын әзірлеушілер ретінде оқыту үдерісіне белсенді тартуға негізделетін болады. Ұлттық қатысушыларға кеңес берушілер рөліндегі кеңес беру құралдарын және оқытудың "теңнің-теңге" үдерісін пайдаланатын, сондай-ақ тиісті халықаралық тәжірибені ұсынатын техникалық қолдау көрсетудің жобалау тобы жәрдемдесетін болады.

Стратегияны іске асырудың маңызды элементтерінің бірі болғандықтан жоба ЕО бұған дейінгі бастамаларының нәтижелерін, мысалы Тасис бағдарламасының және Европалық Білім қоры, сондай-ақ 2.3-тарауда айтылған басқа да донорлардың жобаларын пайдаланатын болады. Жоба сондай-ақ КТБ секторын білім беру және жоба нәтижелерін іргелес кіші секторларға ауыстыру жолымен (ересектер үшін үзіліссіз оқыту), сондай-ақ тұтастай алғанда білім беру саласында донорлардың қызметін үйлестіруге белсенді жәрдемдесу жолымен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саласындағы басқа секторлармен бірдейлеуге арналған.

Твининг элементі (2-міндет шеңберінде) белгілі бір саланың мамандарын даярлауға мамандандырылған мекемелерде КТБ стратегиясын ұйымдастыру мен іске асыруда озық европалық тәжірибе алмасу үшін жобаланған. Саяси стратегияны іске асырудың шешуші салаларын, оқу бағдарламаларын әзірлеуді, сапаны бағалауды және жұмыс берушілермен/саламен байланысты қамтитын арнайы міндеттер әзірленетін болады.

Осы сипаттамаға, алдын ала жасалған, Қаржылық Келісімге өзгерістер енгізу қажеттігінсіз, ол бекітілген Жалпы жұмыс жоспарына сәйкес, толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін Қисынды шеңбер қоса беріліп отыр.

2.1. Міндеттер

Жалпы мақсат

Жобаның жалпы міндеті кәсіптік-техникалық білім берудің және оқытудың еңбек нарығының қажеттілігіне оқыту, сондай-ақ біліктілік алуға қол жетімділікті жақсарту жолымен экономикалық дамуға және Қазақстан Республикасының қалалары мен өңірлерінде адами капиталды жасау болып табылады.

Нақты міндеттер:

1-құрамдауыш. Кәсіптік-техникалық білім беру бойынша Мемлекеттік Бағдарламаны іске асыруды ұлттық және өңірлік деңгейлерде қолдау.

2. КТБ іске тартылған ұйымдарды ұлттық және өңірлік деңгейлерде қолдау.

Мемлекеттік Бағдарламада айқындалғандай оқу мекемелері, орталық және өңірлік әкімшіліктер, жұмыс берушілерді тарту жөніндегі ұйымдар, оқудың сапасын бақылау органдары, әдістемелік мекемелер (оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқу қызметін басқару және оқытушыларды даярлау) және мектептер іске тартылған ұйымдар болып табылады.

3. ҚР үкіметіне еңбек нарығы мен КТБ арасында Ұлттық Біліктілік негіздемелерін құруға жәрдемдесу.

Мақсат - еңбек нарығының қажеттілігін, олардың біліктілікті таңдауға ықпалын тигізетін, сондай-ақ кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы қажеттілік деректерін есепке алу тәсілдерін тұрақты бағалау үшін тетіктер жасау. Үкіметпен келісім бойынша екі экономикалық сектор таңдалатын болады.

Арта түсіп отырған назарды, саяси қолдауды және Үкімет пен КТБ саласындағы шешуші донорлар тарапынан мүддені есепке ала отырып, секторлық тәсілдің бір бөлігі ретіндегі осы жобаның одан әрі даму мүмкіндігі ұлттық және халықаралық серіктестермен барынша байыпты қаралатын және талқыланатын болады. Болуы мүмкін секторлық бағдарлама үшін болашақтағы қызметінің нысанына қатысты айтатын болсақ, бұл Еурокомиссияның келісім-шарты мен қаржылық рәсімдер, не ортақ қор, немесе осы екі нысанның аралас болуы мүмкін.

2.2. Күтілетін нәтижелер

Күтілетін нәтижелер және қызметтің негізгі түрлері:

1. Кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту және КТБ саласында жалпы стратегиялық жоспарлау саласында Мемлекеттік Бағдарламаны іске асырудағы ілгерілеу

2. Қазақстандағы КТБ шешуші институттарының қызметін жақсарту (қазіргі бар немесе құрылуы Мемлекеттік Бағдарлама шеңберінде жоспарланған)

3. Еңбек нарығы мен КТБ арасындағы байланыстырушы буын ретінде қазақстандық біліктілік негіздемелерін қалыптастырудың іргесін қалау.

2.3. Қызмет түрлері және орындалу мерзімі

Техникалық көмек және твининг

1-құрамдауыш - Кәсіптік-техникалық білім беру бойынша Мемлекеттік Бағдарламаны әзірлеуді және іске асыруды ұлттық және өңірлік деңгейлерде қолдау

1.1-қызмет: Білім және ғылым министрлігіне стратегияны, институционалдық даму, нормативтік құқықтық база және бюджетті әзірлеу/дайындау мәселелері бойынша консультациялар және ұсыныстар беру (4-35 ай);

1.2-қызмет: КТБ реформасының ілгерілеуіне шолу жүргізу мақсатында ЕО бұған дейінгі жобасының немесе осыған ұқсас стратегиялық мүдделі орган шеңберінде

қалыптастырылған КТБ бойынша жұмыс топтарының семинарларын ұйымдастыру (4-35 ай);

1.3-қызмет: Білім және Ғылым министрлігіне білім беру саласында секторалдық бағдарламаны дайындауда басқа донорлармен тығыз ынтымақтаса отырып қолдау көрсету, сондай-ақ 2.1 - 2.3-құрамдауыштары үшін мерзімдерді жоспарлауда БҒМ-ға жәрдемдесу (4-35 ай);

2-құрамдауыш КТБ-ге тартылған ұйымдардың дамуын ұлттық және өңірлік деңгейлерде қолдау.

2.1-қызмет: КТБ жүйесін басқаруға жауапты шешуші ұлттық және өңірлік ведомстволардың әрқайсысында институционалдық даму саласында жұмыс топтарын қалыптастыру Мемлекеттік Бағдарламада көзделген үйлестіруші жұмыс тобын қоса алғанда сапаны бақылау, оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқытушыларды даярлау бойынша жәрдемдесу/консультациялар беру (4-12 ай);

2.2-қызмет: Бюджет мәселелерін қоса алғанда институционалдық даму және оларды жүзеге асыру үшін жоспарларды әзірлеуге жәрдемдесу;

2.3-қызмет: "Теңнің-теңге" қағидаты бойынша оқыту және тренингтер арқылы институционалдық даму жоспарларын қолдау (13-35 ай);

2.4-қызмет: Бақылауды басқару жүйесін, (қаражаты жоқ студенттер үшін білім беруді қаржыландыруды қос қоса алғанда), оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесін жаңғырту, ынтымақтастықты жақсарту және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес (практика, нарықтың дамуын қолдау, біліктілік қажеттіліктері) және стратегия мен құқықтық базаны өзгерту/реформалау үшін қажеттіліктерді анықтауды жақсарту мақсатында Қазақстанның оқу мекемелері мен КТБ басқармалары органдары және олардың шетелдегі серіктестері арасында (оқытушылар үшін және студенттер үшін де мүмкін) білім беру алмасуларын қолдау (13-35 ай);

Твининг элементі 2-құрамдауышты орындауға жәрдемдесу үшін пайдаланылуы мүмкін, тұтастай алғанда твининг институционалдық әлеуеттің нығайуын бекемдей түсіп, Министрлікке қолдау көрсетуге бағытталған. Нақты институционалдық құрылым , сондай-ақ твинингтің нақты міндеттері Мемлекеттік Бағдарламаның элементі ретінде 1-құрамдауыштың шеңберінде жобаның бастапқы айларында айқындалатын болады.

3-құрамдауыш. Еңбек нарығы мен КТБ арасындағы байланыстырушы буын ретінде қазақстандық біліктілік негіздемелерін қалыптастырудың іргесін қалау

3.1- қызмет: Ұлттық біліктілік негіздемелерін құру саласындағы саясатты дамыту мен енгізуді қолдау, біліктілік негіздемелерінің құрылымы, функциялары және тетіктері бойынша стратегиялық консультациялар (4-35 ай);

3.2-қызмет: Біліктілік негіздемелерін институционалдық дамыту мәселелері бойынша консультациялар беру (4-35 ай);

3.3-қызмет: Экономиканың екі секторында ұлттық біліктілік негіздемелерін әзірлеуге жәрдемдесу: еңбек нарығын талдау, біліктілік бейінін, әр деңгейлердегі

кәсіптік-техникалық біліктілікті және оқыту нәтижелерін айқындау, оқушылардың қабілеттілігі негізінде оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқытудың сапасын, оның ішінде формальді емес және мектептен тыс оқыту бойынша бағалау (4-18 ай).

Мониторинг және бағалау

5-тарауды қараңыз.

Ақпарат:

Жобаның орындалуына орай

## 3. Орналасқан жері және ұзақтығы

### 3.1. Орналасқан жері

Орналасқан жері: Астана қаласы және қызмет көрсетуге арналған Техникалық тапсырманы дайындау барысында БҒМ-мен өзара тығыз іс-қимыл барысында айқындалатын Қазақстанның басқа өңірлеріндегі қалалар.

Орталық және өңірлік (жергілікті) деңгейлерде мүдделілік танытқан тараптар төменде келтіріліп отыр:

Орталық деңгейдегі негізгі бенефициарлар: Білім және ғылым министрлігі, Біліктілікті растау және беру орталығы, оқу бағдарламаларын әзірлеумен және оқытушыларды дайындаумен шұғылданатын мекемелер. Орталық деңгейде іске тартылған мекемелер: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, "Атамекен" кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің жалпы ұлттық одағы, Сауда-Өнеркәсіп Палатасы және/немесе жұмыс берушілердің басқа да қауымдастықтары, салалық кәсіподақтар немесе кәсіподақтар федерациясы, сондай-ақ білім беру және оқу саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ.

Өңірлік деңгейдегі негізгі бенефициарлар: кәсіптік-техникалық білім мекемелері, КТБ саласындағы өңірлік директорлар кеңестері, оқытушыларды даярлау бойынша өңірлік институттар. Өңірлік деңгейде іске тартылған мекемелер: кәсіпорындар, кәсіподақтар, өңірлік әкімшіліктер, біліктілікті растау мен берудің өңірлік орталықтары , "Атамекен" одағының өңірлік филиалдары, Сауда-Өнеркәсіп Палатасы және/немесе жұмыс берушілердің басқа да қауымдастықтары, кәсіподақтардың салалар бойынша өңірлік филиалдары немесе олардың федерациялары, білім беру және оқу саласында жұмыс істейтін ҮЕҰ.

3.2. Ұзақтығы

Жобаның операциялық ұзақтығы 72 айды құрайды. Осы кезең Жалпы Шарттардың 4.1-бабында баяндалған шарттарға сәйкес 2 кезеңді қамтиды (Қаржыландыру туралы келісімге 1-қосымша):

1. Қаржыландыру туралы келісім күшіне енген сәттен басталатын іске асыру кезеңі 48 айға дейін созылады.

2. Ұзақтығы 24 ай болатын аяқталу кезеңі іске асыру кезеңі аяқталған сәттен басталады. Жалпы Шарттардың 6-бабына сәйкес (Қаржыландыру туралы келісімге 1-қосымша) Қаржы келісімін орындау бойынша келісім-шарттар осы Қаржыландыру туралы келісімі күшіне енгеннен кейін үш жылдан кешіктірілмей қол қойылуы тиіс ( аудит пен бағалау жүргізу бойынша келісім-шарттарды қоспағанда). Осы шекті мерзім ұзартылуы тиіс емес ("күшінде болу мерзімінің өтуі туралы ереже").

4. Жобаны іске асыру

4.1. Ұйымдастыру дайындығы және жауапты тұлғалар

Жобаны европалық Комиссия өзінің Қазақстандағы Өкілеттіктері арқылы іске асыратын болады. Толық ауқымда қатысуды және қызметке мүдделілікті қамтамасыз ету үшін Әділет министрлігінің іске тартылған қызметтерімен және басқа да бенефициар ұйымдармен тығыз байланыс үшін тетіктер белгіленетін болады.

Қадағалау және жалпы басқару мен жобаның стратегиясы үшін Басқару комитеті құрылатын болады. Басқару комитеті жылына екі рет кездесетін болады.

Басқару комитетінің құрамы:

- Білім және Ғылым министрлігінің Кәсіптік-техникалық білім беру департаментінің директоры
- Білім және ғылым министрлігінің Біліктілікті растау және беру орталығының директоры
- Өкілдік Басшысының өкілі

Қажет болған жағдайда, Басқарушы комитет өзінің отырыстарына техникалық көмек қызметін берушілер орындаушыларының өкілдерін, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптардың өкілдерін шақыра алады.

Іске асыру әдісі

Жобаның барлық құрамдауыштарын қамтитын Қаржыландыру туралы келісімге Қазақстанның Үкіметі қол қоятын болады. Жобаны іске асыру басқарудың орталықтандырылған әдісіне негізделетін болады. ЕК-нің Қазақстандағы өкілдігі келісім-шарт рәсімдеріне сәйкес қызмет көрсетуге арналған келісім-шарттарға қол қою арқылы мониторинг және қызметті бағалау үшін шарттар жасайды. ЕК-нің өкілдігі Техникалық тапсырманы дайындау үшін техникалық көмек көрсетуге арналған негіздемелік келісім жасайды. Техникалық көмек беру қызметін көрсетуге арналған келісім-шарттар мен ақпараттық қолдау көрсетуді ЕК-нің Қазақстандағы өкілдігі тендерлер өткізгеннен кейін қызмет көрсетулерге арналған келісім-шарттарға қол қою арқылы реттейтін болады. ЕО ел(-дер)і мекеме(-лер)сімен твининг туралы келісімдер белгіленген тәртіпте әзірленетін және енгізетін болады.

4.2. Есептілік

Мердігер Техникалық тапсырмаға сәйкес Бастапқы, Аралық және Қорытынды есептерді ұсынады.

4.3. Жобаның/бағдарламаның бюджеті

Осы жобаның жалпы құны 5 000 000 еуроны құрайды. Европалық Қоғамдастықтың бюджетінен үлес 3 500 000 еуроны құрайды.

Қазақстан Үкіметі заттай нысанда үлес қосады, атап айтқанда, тегін берілген және институционалдық даму міндеттеріне жәрдемдесетіндей және жобаның құрылымына сай келетіндей етіп орналасқан кеңсе үй-жайлары. Бұдан басқа, Үкімет семинарлар және басқа да оқу қызметін жүргізу үшін мүмкіндігінше үй-жай береді. БҒМ Мердігермен байланыс орнату үшін аға қызметкерді тағайындайды және қажетті деңгейдегі қызметкерлердің Мердігердің персоналымен қатарлас жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бенефициар персоналының жұмысы жоба қаражатынан төленбейді.

Қазақстан Үкіметі Мердігердің болуы мүмкін қиындықтарын шешуге жәрдемдесу үшін қажетті шараларды алдын ала жүргізеді.

| Санаттар | ЕК үлесі | Үкіметтің үлесі | Өз қаражаты | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| | EUR | EUR | EUR | EUR |
| 1.Қызметтер | 4 100 000 | | | 4 100 000 |
| 1.1 Техникалық жәрдем | 4 000 000 | 0 | 0 | 4 000 000 |
| 1.2. Ақпарат | 50 000 | 0 | 0 | 50 000 |
| 1.3 Мониторинг және бағалау | 50 000 | 0 | 0 | 50 000 |
| | 900 000 | | | 900 000 |
| | 900 000 | 0 | 0 | 900 000 |
| ЖИЫНЫ | 5 000 000 | 0 | 0 | 5 000 000 |

4.4. Бюджетті және жобаны пайдалану

Барлық келісім-шарттар мен төлемдерді Бенефициардың атынан Комиссия жүзеге асырады.

5. Мониторинг және баға

5.1. Мониторинг

Бенефициарлар жобаны іске асыру мәселелері бойынша Мердігерге де, сондай-ақ ЕК Өкілдігіне де кері байланысты тұрақты түрде ұсынатын болады.

Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар арнайы техникалық тапсырмаға сәйкес сыртқы бағалауды нәтижелерге бағдарланған жүйе бойынша жүргізеді. Мониторинг іс жүзінде жобаны іске асырудың алтыншы айынан басталады және жобаны іске асыру кезеңінің аяқталуына кем дегенде алты ай қалғанда аяқталады.

Жоба бойынша топ басшылары твининг саласындағы қызмет бойынша есептерді ұсынады.

5.2. Бағалау

Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар арнайы техникалық тапсырмаға сәйкес сыртқы бағалауды жүргізеді, атап айтқанда:

- аралық сапар;

- факті бойынша бағалау жүргізілуі мүмкін.

Бенефициар мен Комиссия аралық бағалау нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсыныстарды талдайды және қажет болған жағдайда жобаның міндеттерін қайта бағдарлауды қоса алғанда бұдан кейінгі іс-қимыл мен қажетті өзгерістер туралы бірлесіп шешім қабылдайды. Осы сапарлардың нәтижесінде алынған кез келген ұсынысты ескеруі үшін бағалау және мониторинг бойынша басқа сапарлардың есебі Бенефициарларға ұсынылатын болады.

Комиссия Бенефициарларды алдағы сыртқы сапарлардың күні туралы алдын ала - кемінде 14 күн бұрын хабарлайды. Бенефициарлар мониторинг және/немесе бағалауды жүзеге асыратын сарапшылармен тиімді ынтымақтасатын болады және бұдан да басқа оларға қажетті барлық ақпарат пен құжаттамаларды береді, сондай-ақ жобаны іске асыру үшін үй-жайларға қол жетімділікті жүзеге асырады.

6. Ақпарат және БАҚ-та жариялау

Мердігер Қазақстандағы Еуропалық Комиссияның Өкілдігімен тығыз байланыста қызметтің басында және соңында баспасөз мәслихаттарын ұйымдастырады. БАҚ өкілдері үшін қосымша брифингілерді Еуропалық Комиссияның Өкілдігі де, сондай-ақ Мердігер де жобаны іске асыру барысында қажеттілігіне қарай өткізетін болады. Жобаның нәтижелері Еурокомиссияның телевизиялық Бағдарламасында, ЕК журналында және басқа да басылымдарда жарияланатын болады. Коммуникация құралы ретінде веб-сайт және Үкіметтің электрондық бюллетені де пайдаланылатын болады. Барлық мердігерлер БАҚ-тарда қызметті жариялау мәселелерін реттейтін Еуропалық Комиссияның ережелерін сақтауы қажет.

7. Қосымша

1-қосымша - Қисынды шеңбер

II Қосымша — DCI-ASIE/2007/019-244 В компоненті

Техникалық және әкімшілік ережелер

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бенефициар ел / өңір | Қазақстан Республикасы / Орталық Азия | | |
| Сұратушы орган | Денсаулық сақтау министрлігі | | |
| Бюджеттің бабы | 19.100200 | | |
| Аты | Денсаулық сақтауды реформалау және дамыту жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны орындау үшін Денсаулық сақтау министрлігі әлеуетін дамытуды қолдау 2005-2010 жылдар - 2007/019-244 | | |
| Жалпы құны | 4 691 000 еуро<br>ЕК үлесі: 4 500 000 еуро<br>Басқа тараптар үлестері:<br>ВОЗ үлесі 80 000 еуро<br>ҮЕҰ тарапынан 10% қоса қаржыландыру 111 000 еуро | | |
| Қызмет көрсету тәсілі қолдау / басқару | Жобалық тәсіл-ортақтандырылған (тікелей) және бірлесіп басқару | | |
| Код DAC | 12110 | Сектор | Денсаулық сақтау |

Мазмұны

1. Негіздеме
1.1. Әлеуметтік және экономикалық жағдай
1.2. Саланың жай-күйі
1.3. Алынған тәжірибелер және толықтырылатын қызмет
1.4. Донорларды үйлестіру
2. Жобаның сипаты
2.1. Міндеттер
2.2. Күтілетін нәтижелер
2.3. Қызметтің түрлері және орындалу мерзімі
3. Орналасқан жері және ұзақтығы
3.1. Орналасқан жері
3.2. Ұзақтығы
4. Жобаны іске асыру
4.1. Ұйымдастыру даярлығы
4.2. Есептілік
4.3. Жобаның / бағдарламаның бюджеті
4.4. Жобаның бюджетте пайдалану
5. Мониторинг және баға
5.1. Мониторинг
5.2. Баға
6. Ақпарат және БАҚ-да жариялау
7. Қосымша

1. Негіздеме

1.1. Экономикалық және әлеуметтік жағдай

Экономикалық жағдай

Қазақстан табыс деңгейі ортадан төмен (жан басына шаққандағы ЖІӨ шамамен $9.100), едәуір табиғи байлықтары мен жыртылатын жерлері бар ел болып табылады. Қазақстан экономикасы - бұл шағын ғана ашық экономика, ол негізінен шетелдік сауда-саттыққа тәуелді болады. Экономикалық үнемі өсуі (2006 жылы 10%) қолайлы әлемдік нарық жағдайларында көмірсутегі мен пайдалы қазбалар экспортына негізделген.

Тауарлар экспорты 2006 жылы 38,2 млрд. АҚШ долларын, ал импорт - 23,7 млрд АҚШ долларын құрады, тауарлар экспорты мен импорты 2005 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 35%-дан жоғары көтерілді. Қазақстан экспортының барынша көп үлесі ЕО-ға тиесілі (40%). Импорт құрылымының экспорт құрылымынан едәуір айырмашылығы бар: жабдықтар, техника мен көлік Ресей (38%) мен Қытайдан (8%) келеді, тауарлар сатумен салыстырғанда сыртқы сауданың көлемі көп емес және ол

2006 жылғы 5,2 АҚШ доллары тапшылығымен бірге теріс үрдісті сақтап отыр. Іскерлік және кәсіптік-техникалық қызметтер Қазақстандағы импорттық қызметтердің жалпы көлемінің 42% құрайды.

Басқа мемлекеттермен сауда жалпы көлемнің тек біраз пайызын ғана құрайды. Өңірдегі елдер арасындағы сауданың дамуына тарифтердің жоғары болуы, ауыртпалықты көлік шығыстары, жеткілікті дамымаған инфрақұрылым мен халықаралық барьерлер кедергі жасауда. Кең дамыған жергілікті нарықтың жоқтығы инвесторлар үшін тежеуші фактор болып табылады, бұл өңірдегі тұрақты экономикалық өсу мүмкіндіктерінің барынша жойылғанын білдіреді.

Қазақстан өңірдегі капитал ағынының 80% тартады. Негізгі шетелдік инвестор ЕО болып табылады. 2005 жылы 1,7 млрд. АҚШ долларына дейін төмендегеннен кейін тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 2006 жылы 6 млрд. АҚШ долларынан аса өсті. Тікелей шетелдік капитал салу өндіруші секторға шоғырландырылған. Экономиканың басқа секторларына капитал ағынын ұлғайтуда және әртараптандыруда инвестициялық ахуалды, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту және сот жүйесіне деген сенімді арттыру үшін маңызды қадам жасау қажет.

Әлеуметтік жағдай

90-шы жылдардың басында бұзылған денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйесін мемлекеттік қаржыландыру сауда балансының белсенді сальдосының нәтижесінде біртіндеп ұлғаюда. Алайда, Қазақстанның алдында соңғы он бес жылдың ішінде бұзылған әлеуметтік инфрақұрылым мен адами капиталды қалпына келтіру жөнінде маңызды міндеттер тұр.

Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі уақыттағы осындай проблемаларының бірі жеткіліксіз материалдық-техникалық база және ескірген медициналық жабдықтар (ПРООН-ның 2006 жылғы адамның дамуы туралы баяндамасы), сондай-ақ білікті медицина құрамының жеткіліксіздігі болып табылады. Елде әлі де Кеңестер Одағы кезінен қалған ескірген нормалар мен ережелер, сондай-ақ нашар басқару жүйесі және тиімсіз қаржы құрылымдары қолданылуда.

Қазақстанда жан басына шаққандағы табыс тұрақты түрде артып келе жатқанымен өңірлік теңгерімсіздіктер мен айырмашылықтар барынша сақталуда. Бұдан басқа, кедейлік шегінен төмен тұратын адамдар деңгейі жергілікті жағдайда жоғары болып қалуда. Әлеуметтік мұқтаждықтарға арналған шығыстар деңгейінің төмендігі елдің өңірлеріндегі даму қарқынының сәйкессіздігімен, сондай-ақ елдің кейбір бөліктерінде денсаулық сақтау салаларындағы орталық және өңірлік мемлекеттік шығыстар құрылымының ағымдылығымен негізделеді.

1.2. Саланың жай-күйі

Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін кеңес уақытында әзірленген кең ауқымды денсаулық сақтау жүйесі мемлекет иелігінде болды және орталықтандырылған тәсілде жоспарланды. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан денсаулық сақтау

қызметіне барлық халықтың қол жететіндей денсаулық сақтау секторын құруға бар күш-жігерін жұмсады. Алайда, елдің алдында әлі күнге дейін қол жеткізуді көксейтін бірқатар маңызды міндеттер тұр. Тиісті стратегиялық құжаттың ережелеріне сәйкес ЕК Қазақстанның билік органдарына осы қызметте қолдау көрсеткісі келеді.

Функционалдық шолу

Денсаулық сақтау министрлігінің (ДМ) төрт негізгі департаменттен тұратын құрылымы бар: (1) Ұйымдастыру және құқықтық қызмет департаменті, (2) Емдеу сауықтыру және департаменті мен (3) Білім, ғылым және халықаралық ынтымақтастық департаменті, сондай-ақ Экономика және қаржы департаменті (4), сонымен бірге өңірлердегі және жалпы мемлекеттік деңгейде саясаты атқару үшін үш комитеті бар: (1 ) Сапаны бақылау комитеті, (2) Фармация комитеті және (3) Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті.

Денсаулық сақтау министрлігі барлық мемлекеттік және жеке меншік медициналық мекемелердің, соның ішінде ауруханалар мен университеттердің денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты жалпы мемлекеттік нормалардың бәріне жауап береді. Ол осы салалардағы стратегияларды әзірлеуге жауап береді. Орындалатын нормаларды әзірлеуге жауап беретін облыстық деңгейдегі денсаулық сақтау департаменттері бар; олар да жергілікті клиникаларға жауап береді, Олардың жеке бюджеттері бар, бірақ олар Денсаулық сақтау министрлігіне бағынады.

Денсаулық сақтау министрлігі ұлттық клиникалық орталықтардың көмегімен ішінара қызметтер көрсету функцияларын атқарады, алайда бұл реттеу функциялары мен қызметтер көрсету функциялары арасында түсініспеушілік тудыруы мүмкін.

Секторды тез және тұрақты дамытуға тұтастай алғанда халықтың игілігі үшін денсаулық сақтау саласындағы саясатты қалыптастыру, ұсыну және орындау мәселелерінде ДС-тің шектеулі институционалдық әлеуеті, кәсіби медицина қызметкерлерінің шектелген техникалық және басқарушылық әлеуеті, сондай-ақ медициналық білім мен ғылымның жеткіліксіздігі негізгі кедергілер болып табылады.

Стратегияның негізі және стратегиялық көрінісі Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесін дамытудың бағыттарын айқындайтын негізгі құжат Президенттің 2004 жылғы Жарлығына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасындағы Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарлама халықаралық ұйымдармен, соның ішінде ВОЗ, ЮСАИД, ВБ, ЮНИСЕФ және басқаларымен бірлесіп әзірленді. Бұл құжат ауқымды мәселелерді және негізінен денсаулық сақтау жүйесінің барлық құрамдауыштарын қамтиды. Мыналар негізгі стратегиялық мақсаттар мен стратегиялық бағыттар болып табылады:

- Денсаулық сақтау мәселесіне жауапкершілікті мемлекет пен пациент арасында бөлу;
- Денсаулық сақтау бойынша қызметтерді ұсыну мәселесін Бастапқы денсаулық

сақтау саласына ауыстыру;

- Денсаулық сақтау мен денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесін басқарудың жаңа үлгісін енгізу;

- Ана мен бала денсаулығы мәселелерін күшейту;

- Туберкулез және АҚТҚ/ЖҚТБ сияқты әлеуметтік маңызды аурулардың таралуын бақылау;

- Медициналық білім беру жүйесін реформалау.

Бағдарлама бойынша іс-қимыл жоспары (Үкіметтің қаулысы, 2007 жылғы қазан):

Денсаулық сақтау Реформасы бағдарламасы (Мемлекеттік бағдарлама) екі фаза шеңберінде орындалатын болады:

(1) 2005/07: денсаулық сақтау секторын ұзақ мерзімді дамытудың негізін салу және (2) 2007/10: реформаларды жүргізу.

| Фаза 1: денсаулық сақтау секторын ұзақ мерзімді дамытудың негізін құру (2005 - 2007) | Фаза 2: реформалар жүргізу (2008-2010) |
|---|---|
| - Кепілдендірілген жеңілдіктер жиынтығы үшін ең аз стандарттар белгілеу<br>- Халықпен салауатты өмір салтын қолдау жөнінде жұмыс жүргізу<br>- Орталықтың назарын ауруханалықтан бастапқы денсаулық сақтауға ауыстыру (БД)<br>- БД-ны қаржылық және әкімшілік аспектілердегі ауруханалық қызметтерден бөлу<br>- Денсаулық сақтау объектілерінің, негізінен БД-ның материалдық-техникалық базасын нығайту<br>- Медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында тәуелсіз тексерістер жүйесін жасау | - Медициналық білім беру жүйесіне іргелі реформа жүргізу<br>- Жалпы практиканы нығайту жолымен БД-ны өзгерту<br>- Денсаулық сақтау жүйесін негізінен толығымен жаңғырту, жаңа технологияларды, менеджмент және сапаны бақылау жүйесін, сондай-ақ бірыңғай ақпараттық жүйені енгізу<br>- Денсаулық сақтау секторын үйлестіруді жақсарту, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінде бәсекеге қабілеттілік үшін берік негіз жасау |

Мемлекеттік бағдарламаның бірінші фазасы аяқталған соң Қазақстан Үкіметі екінші фазаны қолдауға көмек көрсету туралы, атап айтқанда осы стандарттарға сәйкес халықаралық стандарттарды енгізуге және жергілікті құрам үшін оқу өткізуге қатысты сұраныс жасады.

Сектор шығындарының негізі:

Қазақстан Үкіметі өзінің елде денсаулық сақтауға арналған мемлекеттік шығыстар деңгейін ұлғайтуға бейімділігін дәлелдеді. Бағдарламаны орындау мақсатында сектор шығындарының негізі былайша берілген (миллион теңгемен):

| | 2005 | 2006 | 2007 | 2005-2007 |
|---|---|---|---|---|
| | 32 | 54 | 46 | 134 |
| Орталық бюджет | 766,20 | 974,50 | 869,20 | 609,90 |
| Жергілікті | 10 | 10 | 10 | 31 |
| бюджет | 111,60 | 356,00 | 581,00 | 048,60 |
| | 42 | 65 | 57 | 165 |
| Жиыны | 877,80 | 330,50 | 450,20 | 658,50 |

Денсаулық сақтау секторына арналған шығыстарды бөлу 2006 жылы 3,3% деңгейіне жетуімен қатар бұл қаржының көлемі ұлғаяды деп күтілуде. 2010 жылға

денсаулық сақтау секторын қаржыландыруды ЖІӨ-нен 4 % дейін ұлғайту жоспарланып отыр, бұл ДДҰ ұсыныстарына сәйкес ең аз деңгей болып табылады.

Денсаулық сақтауға арналған шығындардың ЖІӨ-ге %-бен жалпы деңгейі:

| 1998 | 1999 | 2000 | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 | 2006 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1,9 | 2,1 | 1,9 | 1,97 | 1,93 | 2,08 | 2,63 | 2,4 | 3,3 |

Алайда, ЮНФПА жүргізген шығындар үшін негізіне жуырда жасалған талдауының негізгі нәтижелері:

- ресурстарды бөлу ережесі халық денсаулығы мұқтажы мен аурулар тәуекеліне бағдарланбағанын;
- шығыстардың неғұрлым пайдалы (өнімді және тиімді) араласуларға бағытталмағанын;
- бюджетті облыстар арасында бөлудің нақты ережесі жоқтығын;
- бюджет құрылымы екінші денсаулық сақтаумен және ауруханалық күтумен салыстырғанда бастапқы денсаулық сақтау арасында нақты бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтінін;
- облыстар арасында ортақ бюджеттік құрылымның болмауы шығыстарды салыстыру кезінде қиындықтар туғызатынын;
- күрделі шығындар деңгейінің өте төмендігін және жалақы мен басқа да шығыстарды төлеу оны ығыстыратынын;
- дәрі-дәрмек шығындарының арнаулы формулаға сәйкес стандартталмағанын және дәрі-дәрмек бағасының негізге алынбағанын көрсетеді.

Сектордың басымдықтары

Қазақстан Үкіметі денсаулық сақтау секторы саласында күн тәртібінің басымдығы ретінде ана мен бала денсаулығын қорғау, сондай-ақ АҚТҚ/ЖҚТБ және туберкулездің алдын алу, диагностикасы және ауыратындарды емдеу мәселесін айқындады.

Ана мен Бала Денсаулығын қорғау

Жаңа деректер (2005) сәбилер/балалар, сондай-ақ аналар өлімі деңгейінің жоғары екенін көрсетуде.

| | Қазақстан | Бельгия |
|---|---|---|
| Сәбилер өлімінің деңгейі (1000 тірі туған балаға) | 28.3 | 4,56 |
| Аналар өлімінің деңгейі (100 000 тірідей туғандарға) | 40,5 | 10 |

Денсаулық сақтау Секторының Реформалар және Даму мемлекеттік бағдарламасында 2010 жылға арналған нысаналы көрсеткіш ретінде сәбилер өлімі деңгейінің 10-ға дейін, ал аналар өлімінің - 30-ға дейін төмендегені айқындалды. Ал Қазақстан Үкіметінің (ҚРҮ) іс-қимыл жоспарының негізгі бөлігі ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелеріне жаңа технологиялар енгізу болып табылудың орнына ЕК бағдарламасы мәселелерді біріктірілген тәсілмен, соның ішінде стратегиялық консультациялар, институционалдық даму және әлеуетті дамыту жолымен шешуде

ҚРҮ-ге көмек көрсетуге бағытталған.

АҚТҚ/ЖҚТБ-ы мен труберкулездің алдын алу, диагностикасы және онымен ауыратындарды емдеу

АҚТҚ/ЖҚТБ мен туберкулездің (ТБ) таралуы және таралу жылдамдығының өсуі деңгейіне қатысты көрсеткіштер мазасыздануға және оны ҚРҮ-нің басымдықты тізбесінің бастапқы сатысында сақтап қалуға себеп болады.

| | Қазақстан | Бельгия |
|---|---|---|
| Ересектер арасында АҚТҚ-ның таралу деңгейі 15+жас (100 000 тұрғынға шаққанда) | 105. | 162.0 |
| Туберкулездің таралу деңгейі (100 000 тұрғынға шаққанда) | 155.4 | 10.2 |
| Туберкулез жұққызу жағдайлары ( жылына 100 000 тұрғынға шаққанда) | 144.0 | 12.8 |

Қазақстан АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралуы төмен елдермен қатар тұрғанына қарамастан соңғы жылдары оның таралу қарқынының өскені байқалады: 2006 жылы Қазақстанның мемлекеттік органдары 1745 жаңадан АҚТҚ жұққызу жағдайының тіркелгенін хабарлады, бұл 2005 жылғы деңгейден (964) тіпті екі есе көп. Соңғы деректерге сәйкес жұққызғандардың жалпы саны 10397 адам, соның ішінде 248-і 14 жасқа дейінгі балалар . Жұртшылықтың, соның ішінде ЖҚТБ-ның жұғуы мен оны емдеу мәселелері бойынша хабардар болу деңгейі төмен.

Осы мәселені шешу үшін елде ЖҚТБ-ы эпидемиясына қарсы күрес бағдарламасы ( 2001-2005) жүргізілді. Алайда, бұрын жүргізілген іс-шаралар белгіленген нәтижелерге қол жеткізбегендіктен Мемлекеттік Сектор Реформасының Мемлекеттік Бағдарламасында алдын алу, сауықтыру және емдеу мәселелерін нақты күшейтуге бағытталған бірқатар шаралар бар.

ТБ-ға қатысты мемлекеттің мақсаттары туберкулезден қайтыс болу деңгейін 2003 жылғы әрбір 100,000 тұрғынға шаққандағы 160,4-ден 2010 жылы 100,000 тұрғынға 135,0-ға дейін жеткізу. Осы салада жоспарланған іс-шараларға мыналар кіреді: ТБ пациенттерін емдеу, санитариясы мен алдын алу, олардың мемлекеттік тізілімін әзірлеу саласындағы шаралар мәселесінде бастапқы денсаулық сақтау желісіне қатысу, сондай-ақ ТБ пациенттерін басқару салсында әмбебап хаттамалардың сақталуына бақылауды күшейту. Бұдан басқа, іс-қимыл жоспарында үнемі бактериялар бөліп шығаратын созылмалы түрдегі ТБ пациенттері үшін арнайы диспансерлер құру, көп дәріге тұрақты болып келетін ТБ пациенттерін міндетті түрде емдеу, сондай-ақ ДОТ-плюс сияқты емдеудің жаңа стратегияларын енгізу көзделеді. Осыған қосымша туберкулезді пациенттер мен медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдауды күшейту, сонымен бірге туберкулезге қызмет көрсетуге тартылған мамандардың біліктілігі мен білім деңгейлерін арттыру шараларын одан әрі әзірлеу ұйымдастырылатын болады.

1.3. Алынған тәжірибе және қосымша қызмет

Алынған тәжірибе

Қазақстан Үкіметі Қазақстандағы денсаулық сақтау секторына ішінара ғана тартылғанына қарамастан (ППИП және ЕИДПЧ бағдарламалары шеңберінде) ЕК-нің, жалпы алғанда әлемнің көптеген елдеріндегі денсаулық сақтау секторын реформалау саласындағы тәжірибесі мол. Ескерілетін негізгі тәжірибе Үкімет тарапынан қызығушылықтың және ауқымды секторлық, соның ішінде шектеу қойылмай стратегиялар, институционалдық даму, қаржыландыру, оқыту және жабдықтар тәсілінің болуы ұзақ мерзімді тұрақты әсер ету мәселелеріндегі ең негізгілері болып табылады.

Бұдан басқа, осы секторға тартылған даму жөніндегі халықаралық агенттіктер санын (2.3-бөлімді қараңыз), сондай-ақ тартылған мәселелер ауқымы мен санын назарға ала отырып әріптестермен бірге Үкімет басқаратын даму мәселелерін үйлестірудің дәйекті, біріктірілген, үнемі болатын және тұрақты тетігін қамтамасыз ету қажет. Даму мәселесіндегі барлық негізгі әріптестер үлестерін қосты және денсаулық сақтау секторын реформалау бойынша ҚРҮ Стратегиялық Жоспарын қолдау фактісі сектордың қамтамасыз етілген тиісті үйлесімі болатынын, сондай-ақ әр түрлі қолдау бағдарламалары арасында (сондай-ақ 1.4-тармақты қараңыз) өзара іс-қимылға қол жететінін көрсетеді.

Жоба шеңберінде қызметтің әр түрлері жүзеге асырылған кезде өнімділік пен дәйектілікті қамтамасыз ету мақсатында ДМ-де жобаны үйлестіру тетігі құрылатын болады.

Қосымша қызмет

Донорлар Мемлекеттік бағдарламаның іс-қимыл жоспарында көрсетілуі мүмкін бірқатар жобалар мен араласуларды қолдайды.

| Атауы | Негізгі қызметі |
| --- | --- |
| ДДҰ | Европа үшін ҚР мен ДДҰ Өңірлік Офисі арасындағы 2006-2007 жылдарға арналған Ынтымақтастық туралы екіжылдық келісімге сәйкес мынадай тақырыптық салалар ынтымақтастықтың басым салалары болып саналады:<br>- Қанның қауіпсіздігі<br>- Ана мен бала денсаулығын жақсарту<br>- Негізгі жұқпалы аурулардың алдын алу мен бақылау мәселелерін нығайту<br>- Салауатты өмір салтына назар аудара отырып жұқпалы ауруларды болдырмау және менеджменті<br>- Денсаулық үшін қоршаған ортадан тәуекелдер мәселелерін шешу<br>- Төтенше жағдайларға даярлық және назар аудару саласында мемлекеттің әлеуетін нығайту. |
| ДБ | Дүниежүзілік банкі ҚР Үкіметі мен ДБ арасында экономикалық зерттеулердің бірлескен бағдарламасы контексінде секторлық реформаның стратегиялық басымдықтарын айқындау және денсаулық сақтауды басқару жүйесін жақсарту кезінде ДМ мен Үкіметке техникалық көмек көрсетеді. Бұл қызмет мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:<br>- Денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесі<br>- Денсаулық сақтау сапасы<br>- Медициналық білім беруді реформалау және Денсаулық сақтаудағы ақпараттық ғылымдар мектептерін (Факультеттерін) ашу.<br>- Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйе.<br>2007 жылғы ақпанда Дүниежүзілік Банк пен DFID (Ұлыбританияның Халықаралық Даму Департаменті |

| | |
|---|---|
| | )<br>- Орталық Азия АҚТҚ/ЖҚТБ Қоры мақұлдаған бес ірі өңірлік бастамаларға, сондай-ақ АҚТҚ/ЖҚТБ саласындағы 42 ұлттық жобаға қолдау көрсетті. Қаражат Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстан мен Өзбекстанда жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алуға жұмсалатын болады. |
| ЮСАИД | ЮСАИД денсаулық сақтау жүйесін реформалау мен дамыту саласында белсенді болып табылады. Негізгі жобалар төменде берілген:<br>"ДенсаулыкПлюс" терт негізгі құрамдауыштан тұрады:<br>- Басшылық<br>- Ресурстарды пайдалану<br>- Қызметтер көрсету<br>- Халық пен жұртшылықтың қатысуы Project HOPE (Проджект Хоуп) ұйымы атқаратын туберкулезді бақылау саласындағы жоба: Туберкулезді бақылау саласындағы ағымдағы бесжылдық ЮСАИД бағдарламасы туберкулезді тиімді және тұрақты бақылау үшін саяси қолдау жасау мәселесінде; кадрлық және жүйелі әлеуетті нығайту мәселесінде; сондай-ақ туберкулез белгілерінің тәуекелдері мен емделу ниетіндегі оң көзқарасты қолдауда жұртшылықтың хабардар болу деңгейлерін көтеру мәселелерінде осының алдындағы ДОТС-ты қолдаудың сәтті тәжірибесіне негізделеді.<br>CDC (Ауыруды бақылау орталығы): ЦКЗ-ге (CDC) қол жеткізуге мыналар жатады:<br>- АҚТҚ мәселелерінде бақылау үшін қадағалау Қазақстандағы тәуекелдігі жоғары бес топ арасында жүргізіледі. Бұл қызмет жоғары деңгейлі таралу аймағын және сауықтыруды, емдеу мен күтуді кажет ететін тұрғындарды анықтауға көмектеседі.<br>- Орталық Азияда бүгінгі күнде Б Гепатитінен иммунизация жүргізілу мәселесінде ЦКЗ-ның көмегіне сәйкес жаңа туған сәбилерге Б Гепатитінен иммунизация жүргізілуде.<br>- Орталық Азияда ДОТС мәселелерінде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының (ДДҰ) ЮСАИД стратегиясының қолдауымен көмек көрсету және орындау мониторингін жүргізу мақсатында туберкулезді электронды қадағалау жүйесі жұмыс істеуде.<br>- Жоғары стандарттар сапасын қамтамасыз ету әдісі бүкіл өңір бойынша АҚТҚ және туберкулез зертханаларында енгізілді және қолданылды. |
| АБР | Кедейлікті Төмендету жөніндегі Жапон Қорының өңірлік гранты шеңберінде бидайды байыту және тұзды иодтау жолымен балалар мен аналардағы микроэлементтер тапшылығы мәселесімен айналысады. |
| ЮНИСЕФ | ЮНИСЕФ консультанттарды жалдау, мамандар үшін тренингтер өткізу және ақпараттар тарату жолымен перинаталды күтімді жақсарту жөніндегі Ұлттық бағдарлама құруды қолдады.<br>ЮНИСЕФ пен оның серіктестерінің күш-жігері Жаппай тұзды иодтау және ұнды өңдеу туралы заңнамаға алып келді. Қазір 15-тан астам зауыт байытылған ұн шығарады; 1999 жылғы 29 пайызға қарағанда қазір үй шаруашылықтарының 84 пайызы иодталған тұзды пайдаланады.<br>Негізінен ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған басқа да бағдарламаларды жүзеге асыру. |
| ЮНФПА | - Тұрғындар стратегиясы мен даму құрамдауыштары<br>- Өнімді денсаулық құрамдауыштары |
| Мемлекеттер-ЕО мүшелері | - Польша жуырда кардиология және кардиохирургия саласындағы практикадан өтетін дәрігерлерді міндетті түрде оқыта, сондай-ақ осы саладағы ғылыми ынтымақтастықты дамыта отырып Қазақстан Республикасымен сенім туралы келісімге қол қойды.<br>- Чех Республикасы БҰҰ-мен қан қауіпсіздігі жөніндегі шаралар саласында бірлескен көмек көрсету туралы алдын ала келісті. |

1.4. Донорларды үйлестіру

Донорлардың қызметі олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің Денсаулық сақтауды қорғаудың Ұлттық Үйлестіру Кеңесіне қатысуы шеңберінде, атап айтқанда жобалар мен іс-шараларды бірлесіп іске асыру жөнінде келісімдер жасасумен үйлестіріледі.

Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және орындау процесінің донорлар мен Үкімет

арасындағы үйлестіру тетігін жақсарту түріндегі қосымша әсері бар. Барлық қатысушы донорлар мен халықаралық ұйымдар (қазіргі уақытқа дейін ЕК-ні қоспағанда) Мемлекеттік бағдарламаны орындау шеңберінде ДМ-ға техникалық көмек көрсету мәселелеріндегі қызметті үйлестіру мақсатында Денсаулық сақтау секторындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Донорларды және ҚРҮ-нің реформалар процесіндегі мүддесін үйлестіру процесін одан әрі күшейту мақсатында ДМ осы секторға тартылған барлық даму агенттіктері және серіктестіктерімен бірге дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Астананың Астанаға кешуі Астана сияқты іскер орталық Алматыда жұмыс істейтін донор/жобалардың бастапқы кезеңдегі үйлестіру мәселесін қиындатты. Донорлар арасындағы осы қарым-қатынасты жақсарту үшін ЕК көпшілік жағдайда секторға бағдарланған бағдарламаларға біртіндеп көшу мақсатында донорлардың кездесулерін үнемі ұйымдастыру жөнінде бастама жасады. Бұл бастаманы донорлық қауымдастық жоғары бағалады.

Қазақстан Үкіметі Көмектің Тиімділігі мәселелері жөніндегі Париж Декларациясына әзірге қол қойған жоқ.

2. Жобаға сипаттама жасау

Бұл бағдарлама денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының "Ана мен бала денсаулығын қорғау" және "АҚТҚ/ЖҚТБ мен ТБ" сияқты секторлар бөлігінде орындалуын қолдауға мүмкіндік береді.

Бұл сипаттамаға алдағы Қисынды шеңбер қоса беріледі, ол Қаржылық Келісімге өзгерістер енгізуді қажет етпей-ақ бірге беріліп отырған Жалпы Жұмыс жоспарына сәйкес толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

2.1. Міндеттер

Жобаның жалпы (ұзақ мерзімді) міндеттері халықтың денсаулығын жақсарту және денсаулық сақтау саласында МДМ-ге (Мыңжылдықты Дамыту Мақсаттары) қол жеткізу мәселелеріне үлес қосу болып табылады.

"Институционалдық даму әлеуеті" саласындағы жоба болған кездегі бұл араласудың нақты мақсаты Денсаулық сақтау министрлігінің ана мен бала денсаулығын қорғау, АҚТҚ/ЖҚТБ мен ТБ-ның алдын алу саласындағы қызметтерге назар аудара отырып Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын сәтті орындау мүмкіндігі болып табылады.

Қиылысатын мәселелер

Ерекше түрде ескерілуі тиіс қиылысатын мәселелерді тиімді басқару балалар құқықтарын қорғау және гендерлік теңдік болып табылады. Жоба тиімді басқаруды қолдайды, өйткені Денсаулық сақтау министрлігінің денсаулық сақтау мәселелерін шешу саласындағы әлеуетін жақсартуға көмек көрсетеді. Ол балалар құқықтарын

қолдауға, сондай-ақ жүкті әйелдер мен аналардың жағдайларын жақсартуға, әйелдерге құрметпен карауға қомақты үлес қосады.

2.2. Күтілетін нәтижелер

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу мақсатында көмек көрсету стратегиясының белгіленген орталық пункті техникалық көмек көрсету, серіктестік жобалар ( тренингтер) және азаматтық қоғамның денсаулық сақтау саласында ҚРҮ-нің саясатына үлесін күшейту кезінде институционалдық дамуды қолдау және Денсаулық сақтау министрлігінің әлеуетін құру болып табылады.

Жоба мынадай нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған:

- Ана мен бала денсаулығына баса көңіл (1) бөле отырып Денсаулық сақтау Реформасы жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны тиімді және нәтижелі орындауда Денсаулық сақтау министрлігінің институционалдық әлеуетін жақсарту.
- Қоғамда, халықтың осал топтары арасында үлкен құрбандық әкелетін, атап айтқанда АҚТҚ/ЖҚТБ және ТБ-мен ауыратын пациенттердің алдын алу, диагностикасы және сауықтыру жөніндегі қызметті жақсарту.

Индикаторлар Қызметті бағалау Базасы толық әзірленгеннен соң нақтыланады және т е к с е р і л е д і .

ЕК басқа донорлардың араласуымен өзара іс-қимылды барынша күшейтеді және әлеуетті дамытудың бірлескен бағдарламасын жүргізу мүмкіндігін талқылайды.

2.3. Қызметтің түрлері және орындау мерзімдері

Жобаның қызметін жүзеге асыру кезеңі екі фазадан тұрады:

| 1-фаза: Секторды бағалау, сондай-ақ стратегия мен іс-қимылдар жоспарын әзірлеу | 2-фаза: Іс-қимылдар жоспарын орындау |
|---|---|
| 1.1. Денсаулық сақтау реформасы бағдарламасының орындалуын; денсаулық сақтау секторының әлеуеті мен ана мен бала денсаулығын қорғауға (1) және АҚТҚ/ЖҚТБ мен туберкулезбен емделушілерді алдын алу, диагностикалау, оңалту және емдеуді жақсартуға ден қоя отырып, донорлар үйлестіруді Бағалау және Талдау | 2.1. Іс-қимылдар жоспарын орындау ДСМ және екі таңдаулы маңызды облыстарда институционалдық әлеуеттің дамуын қолдау бойынша стратегияның және іс-қимылдар жоспарының орындалуын қолдау |
| 1.2. ДСМ-ның институционалдық дамуын қолдауға және таңдап алынған негізгі екі облысқа назар аудара отырып әлеуетті құруға бағытталған стратегия мен іс-қимыл жоспарын әзірлеу. | |

1-фаза: Секторды бағалау және стратегия мен іс-қимылдар жоспарын әзірлеу

ЕК өкілі жалдаған техникалық мәселелер бойынша ассистент Шекті келісім-шартқа сәйкес секторға бағалау жүргізу, сондай-ақ екі маңызды облыста іс-қимылдар жоспары мен стратегияны әзірлеу мәселелері бойынша ДСМ-ға қолдау көрсетеді.

Н е г і з г і қ ы з м е т :

- ДСМ-мен бірге секторды бағалау және стратегияны әзірлеу бойынша жұмыстар ж о с п а р ы н ә з і р л е у ;
- Таңдалған облыстарда Денсаулық сақтау секторын реформалаудың мемлекеттік

бағдарламасының орындалу мәртебесін талдау;

- Ұлттық және халықаралық сарапшылардан, донорлардан, Ана мен бала (1) денсаулығын қорғау, АҚТҚ/ЖҚТБ және ТБ (2) саласында жұмыс істейтін маңызды мүдделі тараптаран тұратын жұмыс тобын құру;

- практик мамандармен және жоғарғы лауазымды тұлғалармен семинарлар өткізу;

- ДСМ әлеуетін күшейту және институционалдық дамыту үшін іс-қимылдар жоспарымен қатар стратегиялық құжаттардың жобаларын дайындау;

- Стратегия мен жоспарларды ұсыну бойынша оларды жоғарғы лауазымды тұлғалар мен басқа да маңызды мүдделі тараптардың жүзеге асыруы бойынша семинар/ конференция өткізу;

- Жұмыс жоспарын, 2-фаза шеңберіндегі қызмет үшін ТТ, аталған көрсеткіштерді көрсете отырып, өзгертілген қисынды шеңберді қоса алғанда, бастапқы есепті дайындау.

2-фаза: Іс-қимылдар жоспарының орындалуын қолдау

Осы фазаның шеңберінде ЕК Мүше мемлекеттердің мекемелерімен әріптестік келісім (твиннинг) жасау арқылы қызмет көрсету келісім-шарты, сондай-ақ ДДҰ салым туралы келісім шеңберінде ДСМ техникалық жәрдем береді. Осыған қосымша ретінде ҮЕҰ гранттарының схемасы іс-қимылдар жоспарын орындау мәселелерінде азаматтық қоғамның қолдауын жұмылдыруға мүмкіндік береді. Әр түрлі компоненттердің толық сипаттамасы бағалау жүргізу (бірінші фаза) саласында қызметтер көрсету келісім-шарттар шеңберінде бірлесіп әзірленеді..

Негізгі қызмет:

1. ДСМ үшін техникалық жәрдем

- ДСМ институционалдық даму стратегиясының орындау мәселелері бойынша консультациялар беру;

- әлеуетті құру стратегиясын дайындау және орындалуын қолдау;

- осы бағдарламаның шеңберінде басқа да тиісті консультациялық қызметтер ұсыну .

2. Әріптестік келісім (твиннинг)

- Мүше мемлекеттердегі мекемелермен твинингтік келісімдер жасауда тиісті рәсімдердің көмегімен қолдау;

- Твиннинг үшін таңдап алынған әріптестің көмегімен ең үздік тәжірибені қолдануды және ынтымақтастық көрсетуді қолдау.

3. ДДҰ салымы туралы келісім

- Таңдаулы маңызды облыстарда ДСМ үшін ДДҰ тарапынан жәрдемдесу сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында бірінші фазаның шеңберінде өткізілген бағалау негізінде ДДҰ-мен Келісім жасасу. 1-3-тармақтарының шеңберінде көрсетілген қызметтерді көрсетуге тиісті ТЗ (бірінші фаза шеңберңінде әзірленетін болады) жәрдемдесудің әр түрлі құралдары арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз

етеді.

ДДҰ негізінен ана денсаулығын қорғау мәселесіне ден қойған жағдайда екінші маңызды сала бойынша стратегияны қазіргі уақытта ДСМ әзірлеп отыр. Қаржыландыру туралы келісім Мүше мемлекеттердің мекемелерімен әріптестік ( твиннингтік) келісім жасау арқылы және НПО гранттарын бөлу схемасының көмегі кезінде екінші фаза шеңберінде қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарттардың контекстінде консультациялық қызметтер көрсету көмегімен осы стратегияны әзірлеуге және орындауға үлес қосуға мүмкіндік береді.

4. Мемлекеттік емес органдармен грант келісім-шарттары

Стратегияларды орындау мәселелері бойынша азаматтық қоғамның қолдауы екінші фазаны орындаудың алғашқы жылының ішінде өткізілетін өтінімдер конкурсына сәйкес мемлекеттік емес ұйымдарға гранттар бөлу көмегімен қамтамасыз етіледі.

3. Орналасқан жері және ұзақтығы

3.1. Орналасқан жері

Жоба Қазақстанда (мемлекеттік және өңірлік деңгейлер, Астана, Алматы және барлық 14 облыстардағы бенефициарларды қамтып) жүзеге асырылады.

Қол қоюға жататын келісім-шарттардың шеңберінде көзделген және негізделген іс-шаралардың шекті саны Еуропалық Одақтың Мүше мемлекеттерінен орын алуы мүмкін.

3.2. Ұзақтығы

Жобаның операциялық ұзақтығы 72 айды құрайды. Бұл кезең Жалпы Шарттардың ( Қаржы келісіміне І-қосымша) 4.1-бабында баяндалған шарттарға сәйкес 2 кезеңнен тұрады:

1. Қаржылық келісімі күшіне енген сәттен бастап басталатын іске асыру кезеңі 48 айға дейін созылады.

2. Ұзақтығы 24 ай болатын қорытынды кезең іске асыру кезеңі аяқталған сәттен басталады.

Жалпы Шарттардың (Қаржы келісіміне 1-қосымша) 6-бабына сәйкес қаржы келісімін орындау жөніндегі келісім-шарттарға осы Қаржы келісімі (аудит және бағалау жүргізу шарттарын қоспағанда) күшіне енгеннен кейін үш жылдан кешіктірмей қол қойылуы тиіс. Осы соңғы мерзімді ұзарту мүмкін емес ("қолданыс мерзімінің өтуі туралы ереже").

4. Жобаны іске асыру

4.1. Ұйымдық дайындық және міндеттемелер

Жобаны Еуропалық комиссия Қазақстандағы өзінің өкілдігі арқылы іске асырады. ҚРҮ тарапынан қызметке толық ауқымды қатысуды және мүдделілікті қамтамасыз ету үшін ДСМ-ның мүдделі қызметтерімен тығыз байланыс жасау үшін тетіктер орнатылады.

Жобаны жалпы басқару мен стратегиясын қадағалау үшін Басқарушы комитет

құрылатын болады.

Басқарушы комитеттің құрамы:

- ДСМ-нің Білім және ғылым департаментінің директоры,
- Директор, Отбасы мен қоғам денсаулығы, Қазақстандағы ДДҰ кеңсесі,
- ҚР-ғы Өкілдік Басшысының өкілі
- Қажет болған жағдайда Басқарушы комитет көмек қызметтерін көрсететін орындаушылардың, сондай-ақ басқа мүдделі тараптардың өкілдерін өз мәжілістеріне шақыра алады.

Іске асыру әдісі

Жобаның барлық құрамдауышын қамтитын Қаржы Келісіміне Қазақстан Үкіметі қол қояды. Жобаны іске асыру басқарудың орталықтандырылған әдісіне негізделеді. Орындау ДСМ үшін ТЫ көрсету бойынша қызметтерді көрсетуге арналған келісім-шарттың, ДДҰ салым туралы келісімнің, әріптестік келісімнің және өтінімдер конкурсын өткізу қорытындыларын қамтиды. Компоненттерінің әрбірі үшін ТЗ ерекше түрде әртүрлі шаралардың арасындағы өзара іс-қимылға қол жеткізуге шоғырланады.

Қазақстандағы Европалық комиссияның өкілдігі келісім-шарттық рәсімдерге сәйкес қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарттарға қол қою арқылы қызметтің мониторингі мен бағалау үшін шарт жасайды.

1-фаза:

ЕК өкілдігі 2.3-тармақтың шеңберінде қызметті қамтитын қызметтерді көрсетуге арналған шекті келісім-шартты жасайды және басқаратын болады.

2-фаза:

1. Бірінші фазаның нәтижелері негізінде ЕК өкілдігі консультациялық қызметтер көрсету үшін қызметтер көрсетуге арналған, негізінен ДСМ үшін техникалық жәрдем беруге арналған келісім-шарт (келісім-шарттар) жасайды.

2. Мүше мемлекеттердің мекемелерімен әріптестік келісімдер (твиннинг) ЕК өкілдігі жалдаған сыртқы консультанттардың көмегі арқылы әзірленеді. Мүше мемлекеттердің таңдап алынған мекемелері ана мен бала денсаулығы, сондай-ақ АҚТҚ/ЖҚТБ және ТБ алдын алу әселелері бойынша КС ең үздік тәжірибесімен қатар білім тренер/сараптық білім ұсынады, сондай-ақ Қазақстандағы өз әріптестерімен жақын ұзақ мерзімді байланыстар түзеді. Қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт пен әріптестік келісім арасында өзара іс-қимыл қамтамасыз етіледі. Бұл ұсыныс ДСМ-ның стратегияны орындау бойынша, сондай-ақ, атап айтқанда тиісті медициналық құрылымдар/мекемелер, сондай-ақ ЕС мен Қазақстанның азаматтық қоғамы арасындағы байланыстарды нығайтумен қатар анамен бала денсаулығы, сондай-ақ АҚТҚ/ЖҚТБ және ТБ мәселелері бойынша ЕС ең үздік тәжірибесін қолдану бойынша әлеуетін күшейтуді қамтиды. ДСМ тренерлерді іріктеу және шақыру, жоба мен оның нәтижелерін қолдау, жоба ұсынымдарының орындалуы туралы есепті беру, сондай-ақ Денсаулық сақтау Реформасы мен Даму Мемлекеттік Бағдарламасын жүзеге асыру

процесіне тартылатын болады.

3. Стратегияны орындау мәселесінде азаматтық қоғам тарапынан үлесті қамтамасыз етуге бағытталған Мемлекеттік емес ұйымдар үшін гранттар бөлуді өтінімдер конкурсын өткізгеннен кейін бірқатар гранттық келісім-шарттарға қол қою жолымен Қазақстандағы ЕК өкілдігі жүргізеді. Өтінімдер конкурсы үшін басымды мәселелер мыналарды қамтиды: қоғамдастықтың хабардар болуы және қоғамда үлкен құрбандыққа алып келетін аурулардың, атап айтқанда, АҚТҚ/ЖҚТБ және ТБ ауруларының алдын алу, диагностикалау, емделушілерді емдеу және оңалту мәселелері бойынша халықтың және жоғарғы қауіп топтары, жастар үшін білім беру. Тиісті салада тәжірибесі бар жергілікті ҮЕҰ-ның Еуропалық әріптестермен ынтымақтастығы мадақталады. Жобаны орындау шеңберінде ДСМ-мен, денсаулық сақтау органдары және бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс табанды түрде ұсынылады.

4. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымымен Салым туралы келісімге (СК) бірлескен басқару ережелеріне сәйкес ЕК өкілдігі қол қоятын болады. СК 2003 жылы сәуірде қабылданған Қаржы және Әкімшілік Базасы туралы келісімнің ережелеріне және СК қатысты ЕК мен халықаралық ұйымдар арасында қолданылатын жалпы шарттарға сәйкес болады.

ДДҰ ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелеріне және Денсаулық сақтау министрлігімен оларға стратегия әзірлеуі кезінде көмек көрсету бойынша жұмыс жасайды және бағдарламаны жүзеге асыру және күтілетін нәтижелер мен мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету процесіне пайда әкеледі. Атап айтқанда, елдегі Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының кеңсесі ЕК-мен келісім шеңберінде алынған ақпараттар мен алдыңғы тәжірибелердің негізінде ЕО озық тәжірибесін, сондай-ақ ДДҰ стратегиясын және ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелері бойынша менеджерлерге арналған стандарттарды енгізу, медициналық университеттер/колледждердің оқытушыларын, сондай-ақ жас дәрігер/практиканттардың көмегімен ана мен бала өлім-жітімінің деңгейін төмендету, сондай-ақ қазақстандағы ана мен бала денсаулығын қорғау саласындағы қызметтерді жақсарту мақсатында стратегия мен іске асыру жоспарын әзірлейді.

4.2. Есептілік

Мердігер қол қойылатын келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес бастапқы, аралық және түпкі есептерді ұсынады.

Сақталуы тиіс пішін мына веб-сайтта көрсетілген: http://ec.europa.eu/europeaid/work/proce

4.3. Жоба/бағдарлама бюджеті

Бағаға сәйкес, осы жобаның жалпы құны 4 691 000 еуроны құрайды, оның 4 500 000 еуросы Еуропалық қауымдастықтың жалпы бюджетінен қаржыландырылған, ал 191 000 еуро жобаның жеке ресурсы есебінен қамтамасыз етіледі.

Оқытуды өткізуге арналған үй-жай беру және басқа да логистикалық қолдаулар

сияқты Қазақстан Үкіметі тарапынан заттай нысандағы салымдар жобаның бастапқы кезеңінің барысында айқындалады.

| Санаттар | ЕК салымы | Үкіметтің салымы | Өз қаражатты | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| | Еуро | Еуро | Еуро | |
| 1. Қызметтер: | 1 300 000 | 0 | 0 | 1 300 000 |
| 1.1 Секторды бағлауға арналған шекті келісім-шарт (1-фаза шеңберінде) | 200 000 | 0 | 0 | 200 000 |
| 1.2. Техникалық жәрдем көрсетуге арналған келісім-шарт (2-фаза шеңберінде) | 1 000 000 | 0 | 0 | 1 000 000 |
| 1.3. Бағдарлама мониторингі және бағалау | 100 000 | 0 | 0 | 1 00 000 |
| 2. ДДС-мен бірлескен басқару | 1 200 000 | 0 | 80 000 (арба) | 1 280 000 |
| 2.1 ДДС-мен Салым туралы келісім | 1 200 000 | 0 | 80 000 | 1 280 000 |
| 3. Гранттар | 2 000 000 | 0 | 111 000 | 2 111 000 |
| 3.1 ҮЕҰ үшін гранттар | 1 000 000 | 0 | 111 000 | 1 111 000 |
| 3.2 Мүше мемлекеттермен әріптестік жобалар (твиннинг) | 1 000 000 | 0 | | 1 000 000 |
| Барлығы | 4 500 000 | 0 | 191 000 | 4 691 000 |

4.4. Жоба/бағдарлама бюджетін пайдалану

Жобаларды орындауға арналған барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдердің басынан бастап әрекет ететін сыртқы операцияларды жүзеге асыруға арналған Комиссия жасаған және жариялаған стандартты құжаттар мен рәсімдерге сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

Гранттар үшін бастапқы іріктеу және жасау өлшемдері ЕК сыртқы қызметіне арналған келісім-шарттық рәсімдер бойынша Практикалық Басшылықта берілген. Өтінімдер конкурсының шеңберінде гранттар үшін бірлесіп қаржыландырудың кәдімгі ставкасы 80% болып табылады, бірақ жергілікті ҮЕҰ-ның бірлесіп қаржыландыру мәселесіндегі әлеуетінің шектелуі тұрғысынан бірлесіп қаржыландыру ставкасын 90%-ға дейін жеткізу ұсынылған. Қаржыландыру үшін толық бюджетті тиісті жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржыландыру толық көлемде болғанда Қаржы Ахуалын Орындау Ережесінің 253-бабында көзделген жағдайларда ғана сұрауға болады.

ДДҰ-мен Салым туралы Стандартты Келісімнің шеңберіндегі жобаларды орындауға арналған барлық келісім-шарттар тиісті халықаралық ұйымдар жасаған және жариялаған стандартты құжаттар мен рәсімдерге сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

5. Мониторинг және баға

5.1. Мониторинг

Европалық комиссиялар тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар арнайы техникалық тапсырмаға сәйкес нәтижелерге бағдарланған жүйе бойынша сыртқы мониторинг өткізеді. Мониторинг жобаны іске асырудың алтыншы айынан бастап іс жүзінде басталады және жобаны іске асыру кезеңінің аяқталуына кем дегенде алты ай қалғанда аяқталады.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жетінші тарауында күтілетін нәтижелер мен бағдарламалық индикаторлардың сипаттамасы келтірілген. Олар мемлекеттік билік органдары мен халықаралық қауымдастық сектордағы реформа бағдарламасының қызметін бағалау үшін пайдаланатын Қызметті Бағалау Базасының ( ҚББ) негізі болады. Жобаның қисынды шеңбері үдеріс мониторингі мен қызметті бағалау бойынша ДСМ ҚББ сәйкес келеді бірінші фазаның аяқталуы бойынша индикаторларды нақтылау кезінде жаңартылады.

5.2. Бағалау

Ішкі бағалау жүргізу мен аудитті ұйымдастыру Мердігер таңдаған келісім-шарт талаптарының ажырамас бөлігі болып табылуымен қатар аралық және түпкі бағалауды, сондай-ақ жобаны бітіргеннен кейін жүргізілуі мүмкін бағалауды арнайы әзірленген техникалық тапсырмаларға сәйкес Еуропалық комиссиялар тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар өткізеді.

Бенефициар және Комиссия аралық бағалау нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсынымдарды талдайды және қажет болған жағдайда жобаны қайта бағдарланған міндеттерін қоса алғанда, келесі іс-қимылдар мен қажетті өзгерістер туралы шешім қабылдайды. Бағалау және мониторинг бойынша басқа сапарлардың есептерін осы сапарлардың нәтижелерінде алынған кез-келген ұсынымдарды ескеру үшін Бенефициарлар ұсынады.

Комиссия Бенефициарларды алдын ала - 2 айдан бұрын - алдағы сыртқы сапарлардың күндері туралы хабардар етеді. Бенефициарлар мониторинг және/немесе бағалауды жүзеге асыратын сарапшылармен тиімді ынтымақтастық жасайды және бұдан басқа барлық қажетті ақпараттар мен құжаттамаларды, сондай-ақ жобаның үй-жайына кіру рұқсатын береді.

6. БАҚ-на ақпараттау және жариялау

Қоғамдастық қызметінің мәселелері бойынша қызметтер мен коммуникацияны жариялау ЕК қаржыландыратын кез-келген жобаның әрқашанда ажырамас бөлігі болуы тиіс. Қызметті жариялау және жарияланым бойынша оқиғалар ТС арналған келісім-шарттардың, әріптестіктің (твиннинг), сондай-ақ бірлесіп орындау және гранттардың бөлігі болады.

Қоғамдастықпен қарым-қатынас және хабардарлық деңгейін арттыру қызметті жариялау деңгейін және осылайша жобаның тиімділігін арттыру мақсатында жоспарланатын болады. Сондай-ақ олар Еуропалық комиссия ынтымақтастығына жариялаудың ең көп деңгейін беруге мүмкіндік береді.

Жобаны көрмелерде, конференцияларда және соған ұқсас жағдайларда, сондай-ақ жобаға байланысты ресми және көпшілік материалдарында қолдауға ерекше назар қойылады. Осындай қызметтердің барлығы Комиссияның Қазақстандағы өкілдігімен тығыз байланыс жасау ақылы өткізілуі тиіс. Барлық жабдықтар мен жобаға қатысты

құжаттамаларда Еуропалық байрақтың суреті болу тиіс.

Жоба жұмысының нәтижелері ТД ЕК хабарында, ЕК журналында және әртүрлі басылымдарда жарияланатын болады. Өкілдіктің электрондық бюллетені мен веб-сайты коммуникациялық құралдар ретінде қолданылады. Барлық мердігерлер ЕО қызметін жариялау бойынша нұсқаулықты сақтауға міндетті. Қызметті жариялау және жарияланым бойынша оқиғалар ҮЕҰ арналған гранттар шеңберінде, сондай-ақ техникалық жәрдемдесу қызметтерін көрсетуге арналған келісім-шарттардың бюджетінен қаржыландырады.

7. Қосымша

1-қосымша - Қисынды шеңбер

Қосымша - DCI-ASIE/2007/019-246 Г құрамдауышы

Техникалық және әкімшілік ережелер

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бенефициар<br>Ел / өңір | Қазақстан Республикасы / Орталық Азия | | |
| Сұратушы орган | Премьер-Министр Кеңсесі | | |
| Бюджеттің бабы | 19.100200 | | |
| Аты | Қазақстандағы экономиканың дамуы: Қазақстанда бәсекелестікті және экономиканы әртараптандыруды күшейту<br>(2007/019-246) | | |
| Жалпы құны | 6 000 000 еуро<br>Еуропалық Мүшелердің үлесі: 6 000 000 еуро | | |
| | | | |
| Қолдау көрсету / басқару әдісі | Жобалық көзқарас / Орталықтандырылған басқару | | |
| Код Dac | 15110 | Сектор | Экономика мен даму/ жоспарлау стратегиясы |

Мазмұны

1. Негіздеме
1.1. Әлеуметтік және экономикалық жағдай
1.2. Саланың жай-күйі
1.3. Толықтырылатын қызмет және алынған тәжірибелер
1.4. Донорларды үйлестіру
2. Жобаның сипаты
2.1. Міндеттер
2.2. Күтілетін нәтижелер
2.3. Орындалу мерзімі және қызметтің түрлері
3. Орналасқан жері және ұзақтығы
3.1. Орналасқан жері
3.2. Ұзақтығы
4. Жобаны іске асыру
4.1. Ұйымдық дайындық

4.2. Есептілік

4.3. Жоба/бағдарлама бюджеті

4.4. Жобаның бюджетін пайдалану

5. Мониторинг және бағалау

5.1. Мониторинг

5.2. Бағалау

1. Негіздеме

1.1. Экономикалық және әлеуметтік жағдай

Экономикалық жағдай

Қазақстан орасан зор табиғи байлықтары мен егістік жерлері, орташа-төмен деңгейдегі табыстары (шамамен ЖІӨ халықтың жан басына шаққанда 9.100 АҚШ доллары) Қазақстанның экономикасы - үлкен өлшеммен алғанда шетелдік саудаға тәуелді кішкентай ашық экономика. Ұзақ экономикалық өсуі (2006 жылы 10 %-дан көп ) әлемдік нарықтың қолайлы жағдайларында көмірсутектер мен пайдалы қазбалар экспортына негізделген.

Тауарлардың экспорты 2006 жылы 38,2 млрд. АҚШ долларын, ал импорт - 23,7 млрд. АҚШ долларын құрады, тауарлардың экспорты мен импорты 2005 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 35%-дан көп артты. Қазақстан экспортының ең үлкен үлесі ЕО-ге (40%) жатады. Импорт құрылымының экспорттың құрылымдарынан едәуір айырмашылығы бар: жабдық, техника және көлік басымды түрде Ресейден (38%) және Қытайдан (8%) түседі. Тауарлар саудасымен салыстырғанда сыртқы сауданың көлемі болмашы және 2006 жылы 5,2 АҚШ долларындағы тапшылығымен теріс үрдістерді сақтайды. Іскерлік және кәсіптік-техникалық қызметтер Қазақстандағы қызметтер импортының жалпы көлемінің 42%-ын құрайды.

Басқа мемлекеттердің саудасы жалпы көлемнің тек бірнеше пайыздарын ғана құрайды. Өңірдің елдердің арасындағы саудаларын дамытуға жоғары тарифтер, ауыртпалықты көлік шығыстары, жеткіліксіз дамыған инфрақұрылым және халықаралық тосқауылдар кедергі келтіреді. Кең жергілікті нарықтың жоқтығы инвесторлар үшін тежегіш фактор болып табылады, бұл өңірдегі орнықты экономикалық өсудің едәуір мүмкіндіктерін жоғалтуға алып келеді.

Қазақстан өңірдегі капиталдың 80% ағынын тартады. 2005 жылы тура шетелдік инвестициялардың көлемі 1,7 млрд. АҚШ долларына дейін төмендегеннен кейін 2006 жылы млрд. АҚШ долларынан артық өскеннен кейін негізгі шетелдік инвестор ЕО болып табылады. Тура шетелдік капитал салымдары өңдеуші секторға шоғырландырылған болып қалады. Экономиканың басқа секторларына капитал ағынын ұлғайту және оны әртараптандыру үшін инвестициялық ахуалды, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту және сот жүйесіне сенімді арттыру үшін маңызды қадамдар жасау керек.

Әлеуметтік жағдай

90-жылдардың басында бұзылған денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелерін мемлекеттік қаржыландыру сауда балансының белсенді сальдосының арқасында біртіндеп ұлғаюда. Сонда да Қазақстанның алдында соңғы он бес жыл ішінде бұзылған адами капитал мен әлеуметтік инфрақұрылымдарды қалпына келтіру жөніндегі маңызды міндеттер тұр.

Қазіргі уақытта Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі проблемаларының бірі жеткіліксіз материалдық-техникалық база мен ескірген медициналық жабдықтар (2006 жылғы БҰҰДБ адамның дамуы туралы баяндамасы), сондай-ақ білікті медициналық персоналдың жеткіліксіздігі болып табылады. Елде бұрынғыдай Кеңес Одағынан қалған ережелер мен ескі нормалар, сондай-ақ әлсіз басқару жүйесі мен тиімсіз қаржы құрылымдары қолданылады.

Сонымен бірге, Қазақстанның жан басына шаққандағы табыс артқандай, өңірлік едәуір сәйкессіздіктер мен айырмашылықтар тұрақты артып, сақталып отыр. Бұдан басқа, кедейлік шегінде өмір сүруші адамдардың деңгейі жергілікті деңгейде жоғары болып қалады. Әлеуметтік мұқтаждықтарына арналған шығыстардың төменгі деңгейі ел өңірлері даму қарқындарының сәйкессіздігіне, сондай-ақ елдің кейбір бөліктеріндегі денсаулық сақтау саласындағы орталық және өңірлік мемлекеттік шығыстардың ағымдағы құрылымымен негізделген.

Қазақстан соңғы жылдары тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізді. Мұнай бағасының жоғары деңгейінде ұсталып тұрған көмірсутек және минералдардың экспорты осы өсудің қозғалмалы күші болды. Энергетика секторы тура шетелдің инвестициялардың едәуір деңгейін тартты. Энергия ресурстарының үлесі 2004 жылы экспорттың жалпы көлемінің 67%-ын құрады.

1.2. Саланың жай-күйі

Үкімет орта мерзімді кезеңде экономиканың энергетика секторынан шамадан тыс тәуелділігі елдің экономикалық орнықты дамуына кедергі келтіретінін түсініп отыр. Осыған байланысты ол мұнай мен газдан басқа секторлардағы экономиканың дамуын қолдау мақсатында экономиканы әртараптандыру бағдарламасын әзірледі. Үкімет стратегиясы экономиканың әртараптануын қолдайтын институционалдық шарттарды жақсарту жолымен қазақстандық компаниялардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін ұлғайтуға негізделген. Үкімет бағдарламасы әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына өнудің жалпы мақсатының бір бөлігі және білім негізінде экономиканы дамыту болып табылады. 2007 жылғы 9 ақпанда Қазақстанның Парламентіне ұсынылған Үкіметтің іс-қимылдары (2007-2009) бағдарламасында экономиканың өндіру және шикізат индустриясына тәуелділігі экономикалық өсу үшін негізгі кедергілердің бірі ретінде айқындалған. Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жолымен әлемдік экономикаға барынша көптеп кірігуі де Үкімет тарапынан экономиканың әртараптануын қолдаудың себебі болып табылады.

1996 жылғы қаңтарда басталған ДСҰ-ға кіру процесінің шеңберінде Қазақстан

экономикалық қызметтің әртүрлі аспектілерін реттейтін заңдардың кең спектрін қабылдады және өзгертті. Қазіргі уақытта қайтадан қабылданған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жақсарту туралы" Президент Жарлығының жобасы туралы" деген Бәсекелестік туралы Заң 2007 жылы 5 маусымда шығарылды. Үкіметтің осы қаулысы Ақпарат және байланыс агенттігі (АБА), Қаржы нарығын реттеу және қадағалау агенттігі (ҚНРА), сондай-ақ Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (ТМРА, Монополияға қарсы комитет деп атауы өзгертілген) үшін өкілеттілік шеңберін кеңейтуді көздейді. Бұлар Президент Жарлығында көрсетіледі деген болжамды негізге ала отырып, осы Агенттіктердің әрқайсысы осы кезең мен 2007 жылғы қыркүйек аралығындағы өздерінің тиісті секторлары үшін жаңа заңдарды әзірлейтін болады.

ҚНРА қаржы секторын реттейтін жаңа заңдар мен ережелерді әзірлеуге жауапты болады; АБА телекоммуникация секторын реттейтін жаңа заңдар мен ережелерді әзірлеуге жауап береді; ТМРА қалған темір жол, электр және жылу энергетикасы, мұнай мен газды тасымалдау, сондай-ақ авиациялар мен айлақтар секторларына арналған жаңа заңдар мен ережелерді әзірлеуге жауапты болады.

Үкіметтің осы қаулысы Президенттің 2007 жылғы маусымы ішінде жарияланатын Жарлығында жариялануы мүмкін және бұдан кейін жоғарыда көрсетілген секторлардың әр қайсысына нормативтік құқықтық акт (Үкіметтің жарлығы) құруға әкеледі.

Сондай-ақ жаңадан қабылданған "Әкімшілік лицензиялау туралы" Заң 2007 жылғы 26 шілдеде күшіне енеді. Осы Заңның мақсаты басқа заңнамалық актілерге сілтемесіз әкімшілік лицензиялауға жататын қызметтің барлық түрлері үшін әкімшілік лицензиялар беру рәсімдерін бір жақты тәртіппен басқаратын нормативтік акт құру болып табылады.

